

Т. Г. СЕМИРЯЖКО, М.Ю. ДЕРЮГИНА

АСПАЗДЫҚ БАҚЫЛАУ МАТЕРИАЛДАРЫ

*«Білім беруді дамытудың федералдық институты» Федералдық
мемлекеттік мекеме бастапқы кәсіби білім беру бағдарламасын
жүзеге асыратын білім беру мекемелерінде оқыту барысында оқу
құралы ретінде пайдалану үшін ұсынды
Рецензияның тіркеу нөмірі 365,
2009 жылғы 22 маусым «БДФИ» ФММ*

5- басылым, стереотипті



Мәскеу
«Академия» Баспа орталығы 2014

ӘОЖ 613.295(075.32)

КБЖ 36.99-ші 722

С306

Бұл кітап Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі және «Кәсіпқор» холдингі» КЕАҚ арасында жасалған шартқа сәйкес «ТЖКБ жүйесі үшін шетел әдебиетін сатып алуды және аударуды ұйымдастыру жөніндегі қызметтер» мемлекеттік тапсырмасын орындау аясында қазақ тіліне аударылды. Аталған кітаптың орыс тіліндегі нұсқасы Ресей Федерациясының білім беру үдерісіне қойылатын талаптардың ескерілуімен жасалды.

Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі білім беру ұйымдарының осы жағдайды ескеруі және оқу үдерісінде мазмұнды бөлімді (технология, материалдар және қажетті ақпарат) қолдануы қажет.

Аударманы «Delta Consulting Group» ЖШС жүзеге асырды, занды мекенжайы: Астана қ., Иманов көш., 19, «Алма-Ата» БО, 809С , телефоны: 8 (7172) 78 79 29, эл. поштасы: info@dgc.kz

Рецензенттер:

Мәскеу колледжі № 32 қызмет көрсету саласының оқытушысы *А. В. Хаджимуратова*; Білім беруді дамытудың федералдық институты кәсіби білім беру стандарттарының зертханасы меңгерушісінің орынбасары педагогика ғылымдарының кандидаты *М. В. Андреева*

Семиряжко Т. Г.

С306

Аспаздық. Бақылау материалдары: орта кәсіби білім беру мекемесінің студенттеріне арналған оқу құралы/ Т. Г. Семиряжко, М.Ю. Дерюгина. — 5- бас., стер. — М. : «Академия» Баспа орталығы, 2014. — 208 б.

ISBN 978-601-333-060-0 (каз.)

ISBN 978-5-4468-0976-9 (рус.)

Тағамдық шикізатты: көкөністерді, саңырауқұлақтарды, балықтарды, ет және ет өнімдерін, ауылшаруашылық құстар және қанатты жабайы құстарды, сонымен қатар одан жасалатын тағамдар мен өнімдерді, емді тағамдардың негізін механикалық және жылыдай аспаздық өңдеу бойынша тесттер мен тапсырмалар келтірілген. Сонымен қатар, бақылау жұмыстары мен үйдегі өздік жұмыстары үшін тапсырмалар берілген.

Оқу құралы «Аспазшы, кондитер» мамандығының кәсіби айналымына кіретін пәнаралық курстарды игеру кезінде қолданылуы мүмкін.

Орта кәсіби білім беру мекемелерінің студенттеріне арналған.

ӘОЖ 613.295(075.32)

КБЖ 36.99-ші722

ISBN 978-601-333-060-0 (каз.)

ISBN 978-5-4468-0976-9 (рус.)

© Семиряжко Т.Г., Дерюгина М.Ю., 2008 © «Академия» Білім беру-баспа орталығы, 2010 © Ресімдеу. «Академия» Баспа орталығы, 2010

Құрметті оқырман!

Осы оқу құралы 260807.01 «Аспазшы, кондитер» мамандығы бойынша оқыту-әдістемелік жинағының бөлігі болып табылады.

Жас ұрпақтың оқыту-әдістемелік жинағы жалпы білім беру және жалпы кәсіби пәндер мен кәсіби модульдерді меңгеруді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін дәстүрлі және инновациялық оқу құралдарынан тұрады. Әрбір жинақ жұмыс берушінің талаптарын есепке ала отырып, жалпы және кәсіби құзіреттілікті игеру үшін қажетті оқулықтар мен оқу құралдарынан, оқу құралы мен бақылаудан тұрады.

Оқыту басылымдары электрондық білім беру ресурстарымен толықтырылады. Электрондық ресурстар интерактивті жаттығулар мен тренажерлар, мультимедиялық нысандар, қосымша материалдарға сілтемелер мен Интернеттегі ресурстардан тұрады. Бұнда терминологиялық сөздік пен оқу процесінің негізгі параметрлері: жұмыс уақыты, бақылау және тәжірибелік тапсырмаларды орындаудың нәтижелері жазылатын электрондық журнал кіреді. Электрондық ресурстар оқу процесіне оңай қойылып әр түрлі оқу бағдарламаларына бейімделе алады.

КІРІСПЕ

Ұсынылып отырған «Аспаздық. Бақылау материалдары» оқу құралы 34.2 «Аспазшы, кондитер» мамандығы бойынша («Аспазшы» мамандығы үшін арнайы блок) білім алушылардың білімін бақылауға арналған.

Оқу құралында «Аспаздық» пәнінің барлық тақырыптары бойынша материалдың негізгі көлемін қамтитын тапсырмалар мен тесттер, сынақ және жазбаша жұмысы үшін сұрақтар, қайталау және бақылау жұмыстары үшін сұрақтар келтірілген. Тапсырмалар мен тесттердің әр түрлі нұсқалары 10-15 минут ішінде орындауға есептелген, білім алушылардың материалды игеруін үнемі тексеруге мүмкіндік береді. Осы тапсырмалар мен тесттерді білім алушылар өзін бақылау үшін, сонымен қатар оқытушылар жұмыс жоспары ретінде, білім алушылардың үлгерімін жедел бақылау үшін және емтиханға дайындық кезінде «Аспаздық» пәнінің жеке сұрақтарын қайталау үшін пайдалана алады.

ШИКІЗАТТЫ МЕХАНИКАЛЫҚ АСПАЗДЫҚ ӨНДЕУ

I

БӨЛІМ

- 1 Тарау. Көкөністер мен саңырауқұлақтарды өңдеу
- 2 Тарау. Балықты өңдеу
- 3 Тарау. Ет және ет өнімдерін өңдеу
- 4 Тарау. Ауылшаруашылық құсты және қанатты жабайы құсты өңдеу

1 Тарау

КӨКӨНІСТЕР МЕН САҢЫРАУҚҰЛАҚТАРДЫ ӨНДЕУ

1 Тараудағы тапсырмалар мен тесттердің көмегімен сіздер көкөністерді тез әрі дұрыс өндеуді үйренесіз. Сіздің тапсырмаңыз — дұрыс жауап беру.

№ 1 ТЕСТ

Жауаптың дұрыс нұсқасын таңдаңыз.

1. Қай көкөністердің құрамында ауруды қоздырғыш микробтарды жоятын фитонцидтің бактрицидті заттары бар?
а) қызылшада, сәбізде; б) сарымсақта, пиязда, тұрыпта; в) картопта, желкекте; г) асқабақта, қырыққабатта.
2. Қай көкөністің құрамында хош иісті заттар мен эфир майлары бар?
а) картопта, асқабақта; б) балдыркөкте, акжелкенде; в) қызылшада, қырыққабатта; г) қояншөпте, саумалдықта.
3. Қай көкөністің құрамында оған өзіндік дәм мен хош иіс беретін гликозидтер-заттар бар?
а) картопта, қызылшада; б) қырыққабатта, сәбізде; в) шалқанда, тұрыпта, желкекте; г) кәдіште, патиссонда.
4. Қай көкөністердің құрамында көмірсулардың көп мөлшері бар?
а) қызылшада, сәбізде, басты пиязда; б) асқабақта, кәдіште; в) тұрыпта, картопта; г) аскөкте, шырғалжыңда.
5. Қай көкөністердің құрамында органикалық қышқылдың көп мөлшері бар?
а) сәбізде, қырыққабатта; б) қызанақта, сарымсақта; в) қызанақта, қымыздықта; г) қызанақта, шалқанда.

Ескерту. Тесттер мен тапсырмалардың жауаптарының үлгісі: 1, а; 2, г және т.с.с.

№ 2 ТЕСТ

Жауаптың дұрыс нұсқасын таңдаңыз.

1. Қандай тамырлы жеміс ерте болып табылады?
а) тұрып; б) сәбіз; в) шалған; г) желкек.
2. Қандай тамырлы жеміс тек қана шикі түрінде қолданылады?
а) сәбіз; б) шалған; в) қызылша; г) балдыркөк.

3. Қандай тамырлы жемістің құрамында эфир майлары мен жағымды иісі және дәмі бар?
а) сәбіз; б) балдыркөк; в) қызылша; г) тарна.
4. Қандай тамырлы жемістің құрамында каротин бар?
а) сәбіз; б) балдыркөк; в) қызылша; г) тұрып.
5. Қандай тамырлы жемістің құрамында бетанин бар?
а) сәбіз; б) шалқан; в) қызылша; г) ботташық.

№ 3 ТЕСТ

Жауаптың дұрыс нұсқасын таңдаңыз.

1. Шикі аршылған картоптың құрамында ауада қышқылданатын, нәтижесінде картоп қараятын қандай зат бар?
а) крахмал; б) қант; в) амин қышқылы тирозин; г) минералды заттар
2. Піскен картоп неге қараймады?
а) крахмалдың клейстер түзуі; б) қант суда ериді; в) жылытқан кезде ферменттер бұзылады.
3. Жаңа піскен қырыққабатты неге тұздалған суға 15-20 минутқа салады?
а) түсін сақтап қалу үшін; б) дәрумендерді сақтап қалу үшін; в) қырықбуындар мен ұлуларды жою үшін.
4. Картопты механикалық өңдеу кезінде қалдықтардың пайызы неге байланысты?
а) картоптың сұрыпына; б) калибрлеуіне; в) тазалаудың ұзақтығына; г) картоптың сапасына.
5. Қандай көкөністердің құрамында ақуыз түріндегі азотты заттар бар?
а) сәбіз, шалқан; б) қырыққабат, бұршак; в) қызанақ, қияр; г) қымыздық, саумалдық.

№ 1 ТАПСЫРМА

Үлгі бойынша топтарға кіретін көкөністер мен көкөністер тобын тізбектеуді жалғастырыңыз:

Көкөністер тобы	Топқа кіретін көкөністер
Түйнекжемістер	Картоп, жералмұрт, батат
Тамырлы жемістер	Сәбіз, қызанақ, шалқан, шалқан, желкек, ботташық, балдыркөк

№ 2 ТАПСЫРМА

Өңдеудің түрлерін олардың мақсаттарын түсіндіре отырып тізбектеуді жалғастырыңыз

Өңдеудің түрлері	Өңдеудің мақсаттары
Іріктеу	Көкөністерді ұтымды пайдалануға мүмкіндік береді
Калибрлеу	
	1. 2.
	1. 2. 3.

№ 3 ТАПСЫРМА

Көкөністерді кесудің кеңінен таралған түрлерінің сызбасын толтырыңыз.




№ 4 ТАПСЫРМА

1. Тамырлы жемістердің тобына кіретін көкөністерді тізбектеңіз.
2. Тамырлы жемістерді өңдеудің технологиялық сызбасын құрыңыз.
3. Қандай тамырлы жемістердің құрамында каротин, антоциандер бар?
4. Қандай тамырлы жемістерді тағамға тек қана шикі түрінде қолданады?
5. Көрсетілген кесудің түрлеріне сәйкес тамырлы жемістерді көрсетіңіз:
қарапайым _____;
күрделі _____.

№ 5 ТАПСЫРМА

1. Қырыққабаттың тағамдық құндылығы неде?
2. Қырыққабатты өңдеу кезінде қырықбуындар мен ұлулар байқалса не істеу керек?
3. Гүлді қырыққабатты қалай дұрыс өңдеу керек?
4. 1.1. суретте қырыққабаттың қандай түрлері көрсетілген?
5. Қырыққабаттың түрлері үшін кесудің түрлерін тізбектеңіз:
акбасты — _____;
гүлді — _____;
кольраби — _____.



1.1 Сурет

№ 6 ТАПСЫРМА

1.2 суретте қырыққабаттың қандай түрлері көрсетілген?



1.2 Сурет

-
1. Қырыққабаттың құрамында қандай пайдалы заттар бар?
 2. Қырыққабатты көкөністерді өңдеудің технологиялық сызбасын құрыңыз.
 3. 1.2 суретте бейнеленген қырыққабатты көкөністерді кесудің түрлерін тізбектеңіз.

№ 7 ТАПСЫРМА

1. Ақжелкен, желкек, ботташық көкөністердің қандай тобына жатады?
2. Желкек, ботташық, ақжелкеннің қандай бөліктерін тағам дайындау үшін қолданады?
3. Желкек, ботташық, ақжелкеннің құрамында қандай пайдалы заттар бар?
4. Желкек, ботташық, ақжелкенді қалай кеседі?
5. Ақжелкен, желкек, ботташықты аспаздық қолдану қаншалықты?

№ 8 ТАПСЫРМА

1. Салат, қымыздық, саумалдықтың тағамдық құндылығы неде?
2. Жапырақты көкөністерді қалай өңдейді?
3. Аспаздықта салат, қымыздық, саумалдықты қалай қолданады?
4. Десерттік қандай көкөністерді білесіз және олардың аспаздықта қолданылуы қаншалықты?

№ 4 ТЕСТ

Картопты кесудің түрлерін оның аспаздық қолданылуына сәйкестігін көрсетіңіз.

Картопты кесудің келесі түрлері қандай тағамдар үшін қолданылады?

1. Тілім:
а) пісірілген картопты қуыру; б) салаттар, винегреттер; в) еттен жасалған рагу; г) көкөністен жасалған көже.
2. Кесектеп:
а) «Украин» борщы; б) «Мәскеу» борщы; в) макарон өнімдерінен жасалған көже; г) гарнирі бар майшабақ.
3. Саламдап:
а) құс өнімдерінің гарниріне «пай» картобы; б) жаңа піскен қырыққабаттан щи; в) асбұршақ қосылған картопты көже; г) макарон өнімдері қосылған көже.
4. Бөліктеп:
а) көкөністен немесе еттен жасалған рагу; б) жаңа піскен қырыққабаттан жасалған щи; в) асбұршақ қосылған картопты көже; г) сүттегі картоп.
5. Ірі текшелер:
а) көкөністен немесе еттен жасалған рагу; б) «Мәскеу» борщы; в) жіңішке кеспе мен картоп қосылған көже; г) үй қуырдағы.

№ 5 ТЕСТ

Картопты кесудің түрлерін оның аспаздық қолданылуына сәйкестігін көрсетіңіз.

Картопты кесудің келесі түрлері қандай тағамдарға қолданылады?

1. Орташа текше (қабырға ұзындығы 1... 1,5 см):
а) салқын тағамдардың гарнирлері және көкөністен жасалған көк сорпаға; б) «Сүттегі картоп» тағамы үшін; в) қыздырылған майда қуыру үшін; г) бұқтыру үшін.
2. Кесектелген (ұзындығы 3 -4 см, кесік 1 см):
а) «Сүттегі картоп» тағамы үшін, бұқтыру үшін; б) макарон өнімдері қосылған көжелер үшін; в) негізгі тәсілмен қуыру.
3. Дөңгелектелген (қалыңдығы 1,5-2 мм, бір көлемді картопты таңдайды):
а) борщтар үшін («Флот» және «Сібірден» басқа), макарон өнімдері қосылған көжелер үшін, қышқылтым көже; б) ет пен балықты көмештеу үшін; в) салқын тағамдар үшін.
4. Саламдап (ұзындығы 4-5 см, кесік 0,2 x 0,2 см):
а) пісірілгенді балық пен етті көмештеу үшін, шикі — қуыру үшін;
б) шикі — негізгі тәсілмен қуыру үшін; в) құс өнімдерінің гарниріне қыздырылған майда қуыру үшін.
5. Ұсақ текшелер (кесік 0,3 x 0,5 см):
а) құс өнімдерінің және жабайы құстардың гарниріне қыздырылған майда қуыру үшін;
б) салқын тағамдар мен дәмтатымдар үшін; в) қышқылтым көжелер үшін.

№ 6 ТЕСТ

Қызылшаны кесудің түрлерін оның аспаздық қолданылуына сәйкестігін көрсетіңіз.

Қызылшаны кесудің келесі түрлерін қандай тағамдар үшін пайдаланады?

- 1. Тілімдеп:
 - а) «Флот» борщы; б) майонездің астындағы қызылша; в) гарнирі бар майшабақ; г) салқын борщ.
- 2. Саламдап:
 - а) винегрет; б) «Мәскеу» борщы; в) қаймақта бұқтырылған қызылша; г) қызылша сорпасы.
- 3. Ұсақ текшелер:
 - а) «Сібір» борщы; б) гарнирі бар майшабақ; в) қызылшадан жасалған котлеттер; г) қызылша сорпасы.
- 4. Шарлар, жұлдызшалар, тарақшалар:
 - а) маринад; б) салқын тағамдар мен дәмтатымдарды безендіру үшін; в) қызылшадан жасалған котлеттер; г) салқын борщ.

№ 9 ТАПСЫРМА

Борщтарды дайындау үшін көкөністерді кесу түрлерін (үлгі бойынша) көрсетіңіз.

Тағам	Кесу түрі			
	қырыққабаттар	картоптар	қызылшалар	Сәбіздер, пияздар
Борщ				
«Украин» борщы	Саламдап	Кесектеп	Саламдап	Саламдап
«Мәскеу» борщы				
«Сібір» борщы				
«Флот» борщы				

№ 10 ТАПСЫРМА

Щилерді дайындау үшін көкөністерді кесу түрлерін (үлгі бойынша) көрсетіңіз.

Тағам	Кесу түрлері			
	қырыққабаттар	сәбіздер	ақжелкендер (тамыры)	пияздар
Жаңа піскен қырыққабаттан жасалғна щи				

Тағам	Кесу түрлері			
	қырыққабаттар	сәбіздер	акжелкендер (тамыры)	пияздар
Ашытқан қырыққабаттан жасалған щи				
«Орал бойынша» щи				
Ашытқан қырыққабаттан жасалған тәуліктік щи	Туралған	Ұсақ текшелер	Ұсақ текшелер	Ұсақ текшелер


№ 11 ТАПСЫРМА




Көжелерді дайындау үшін көкөністерді кесу түрлерін көрсетіңіз

Тағам	Кесу түрлері			
	картоптар	сәбіздер	пияздар	Жаңа піскен қырыққабаттар
Көкөністерден жасалған көже				
«Шаруашылық» көже				
Жармалардан жасалған көже				
Бұршақ қосылған картопты көже				

№ 12 ТАПСЫРМА

Қызылшаны кесудің түрлерін оның аспаздық қолданылуына дұрыс сәйкестігін көрсетіңіз.

№ р/р	Кесу түрі	Көлемі	Аспаздық қолданылуы
1		Қалыңдығы 0,2 см ұзындығы 4...5 см	а) шикі қызылшадан — «Флот» және «Сібір» борщтарын дайындау үшін; піскен қызылшадан — винегрет дайындау үшін; б) бұқтыру (сүт немесе қаймақ тұздығында) және салқын тағамдар дайындау үшін;

№ р/р	Кесу түрі	Көлемі	Аспаздық қолданылуы
2		Биіктігі 1,5...2 см қалыңдығы 0,2 см	в) шикі қызылшадан — борщтарды дайындау үшін («Флот» және «Сібірден» басқа), маринад, қызылша сорпасы, қызылшадан жасалған котлет үшін; піскен қызылшадан — салаттар үшін; г) шикі және піскен қызылшадан— екінші тағамдарды дайындау және салқын тағамдарды безендіру үшін
3		Орташа: 1 x 1 см; ұсақ: 0,5 x 0,5 см; 0,3 x 0,3 см	
		ірі, ұсақ	

№ 13 ТАПСЫРМА

1. Қандай көкөністер тамырлы жемістер тобына кіреді?
2. Қызылшаның бояйтын заты қалай аталады?
3. Қыркүйек айында қызылшаны өңдеу кезіндегі шығын пайызын көрсетіңіз
4. Қыркүйек айында 10 кг қызылшаны өңдеу кезіндегі қанша шығын болатынын көрсетіңіз?
5. Қызылша аршығаннан кейін борщтарды бояу үшін қызылша тұндырмасын қалай жасайды?

Кестеде келтірілген тағамдарды дайындау үшін пайдаланылатын тамырлы жемістердің кесу түрлерін көрсетіңіз (« + » белгісімен).

Тағам атауы	Кесу түрі				
	Тілімдем	Жұлдызша, тегершік	Ұсақ текшелер	Саламдам	Шарлар, жаңғақтар
«Украин» борщы					
Салаттар және винегреттер					
Тәуліктік щи					
Салқын тағамдар (безендіру)					
Көкөністерден жасалған котлеттер					
Етпен жасалған рагу					
Үй қышқылтым көжесі					
Жармалар қосылған көжелер					





№ 15 ТАПСЫРМА

Кестеде келтірілген тағамдарды дайындау үшін пайдаланылатын тамырлы жемістердің (сәбіз, қызылша) кесу түрлерін көрсетіңіз (« + » белгісімен).

Тағам атауы	Форма нарезки					
	Тілімдеп	Бөліктеп	Дөңгелектеп	Кесектеп	Саламдап	Орташа текшелер
Көкөністер қосылған сорпа						
«Мәскеу» борщы						
Піскен көкөністерден жасалған салаттар						
Салқын тағамдар (безендіру)						
Маринадтар						
«Шаруашылық» көже						
Көкөністерден жасалған рагу						
Қышқылтым көже						
Макарон өнімдері қосылған көже						

№ 16 ТАПСЫРМА

1. Пияздың тағамдық құндылығы неде?
2. Кестедегі пиязды кесу түрлерінің суретте көрсетілгендерінің аспаздық максаты қандай.
3. Салқын тағамдарды безендіру үшін пиязды кесудің қандай түрлерін пайдаланады?

№ р/р	Сурет	Өлшем
1	 Пиязды дөңгелектеп кесу	Диаметрі 7 см, қалыңдығы 0,1 — 0,2 см пияздар
2	 Пиязды бөліктеп кесу	Диаметрі 2,5 см ұсақ пияздар
3	 Пиязды саламдап кесу	Ұзындығы 4 — 5 см, қалыңдығы 0,2 см саламдап
4	 Пиязды ұсақ текшелеп кесу	кесіктері 0,3 x 0,3 см текшелер (түйірлер)




№ 17 ТАПСЫРМА

Тағамдарды дайындау үшін пиязды кесудің қандай түрлерін пайдаланады? Жауапты « + » белгісімен көрсетіңіз.

Тағам	Кесу түрі				
	Бөліктеп	Шпалкалар (жасыл пияз үшін)	Ұсақ текше	Дөңгелектеп	Саламдап (жартылай дөңгелектеп)
Жаңа піскен қырыққабаттан жасалған щи	Ұсақ пияздардан +				
Кәуаптарға гарнир					
Салқын тағамдар (безендіру)					
Турама ет, харчо көжелер					
Винегреттер					
«Украин» борщы, қышқылтым көжелер және маринадтар					
«Ленинград бойынша» балық, қыздырылған майды қуыру үшін					

№ 18 ТАПСЫРМА

1. Картоптың тағамдық құндылығы неде?
2. 1.3 суретте картопты кесудің қандай түрлері бейнеленген? Олардың өлшемдері мен аспаздық қолданылуын көрсетіңіз.






1.3 Сурет

3. Аршылған картоп ауада неге қараяды ?
4. Картоп көкөністердің қандай тобына жатады?
5. Тапсырманы шешіңіз:

Сәуірде 200 кг аршылған картоп алу үшін неше килограмм картопты масса бруттомен алу керек? Картоп қалдықтарының маусым бойынша пайыздық мағынасы туралы біліміңізді пайдаланыңыз .

№ 19 ТАПСЫРМА

1. Картопты механикалық аспаздық өңдеудің сызбасы қандай?
2. 1.4 суретте картопты кесудің қандай түрлері көрсетілген? Аспаздық пайдаланылуын көрсетіңіз.



1.4 Сурет

3. Түйнекжеміс тобына қандай көкөністер жатады?
4. Картопты қандай мақсатта сульфиттейді?
5. Қалдық 30 кг болса желтоқсанда қанша кг картопты масса бруттомен өңдеу үшін алды?

№ 7 ТЕСТ

Кесілген көкөністерді аспаздық пайдаланудың дұрыс нұсқасын таңдаңыз.

Кесу түрі

Аспаздық пайдаланылуы

1. Картоптың саламдалуы.
 - а) балықтың, жасыл маймен қуырылған көксерке гарниріне фриді қыздырылған майда қуыру үшін;

- | | |
|-----------------------------------|---|
| 2. Кесектелген картоп. | б) щи, «орысша» бүйрек, көкөністен жасалған рагу, духовкадағы сиыр еті үшін; |
| 3. Сәбіз және картоп бөліктері. | в) «киев» котлетінің гарниріне қыздырылған майда қуыру үшін, тауықты таптап қуыру үшін; |
| 4. Сәбіз және пияздың саламдалуы. | г) жарма қосылған көжелер, харчо көжесі, тәуліктік щилер, фарштар үшін; |
| 5. Пияздың ұсақ текшелері. | д) үй қышқылтым көжесі, «Мәскеу» борщы, картоп және жіңішке кеспе қосылған көже үшін. |

№ 8 ТЕСТ

Кесілген көкөністерді аспаздық пайдаланудың дұрыс нұсқасын таңдаңыз.

Кесу түрлері

Аспаздық пайдалану

- | | |
|---|--|
| 1. Дөңгелек картоптар. | а) Кәуаптар, гарнирі бар майшабақ, пияз қосылған бифштекс, салқын дәмтатымдарды безендіру үшін; |
| 2. Диаметрі бірдей (3 см дейін) дөңгелектелген сәбіз. | б) порциялық ет тағамдарының гарниріне қыздырылған майда қуыру үшін, «Сүттегі картоп» тағамы үшін, бұқтыру үшін; |
| 3. Дөңгелектеп кесілген пияз. | в) шикі — «Шаруашылық» көжесін дайындау үшін; пісірілген — салқын тағамдар үшін; |
| 4. Картоптың орташа мөлшерлі текшелері. | г) «орысша», «мәскеуше» көмештелген балық үшін, «ленинградша» қуырылған балықтың гарнирі үшін. |

№ 20 ТАПСЫРМА

Кесілген көкөністерді аспаздық пайдаланудың дұрыс нұсқасын таңдаңыз.

№ р/р	Көкөністерді кесілген түрі	Бір рет пайдалану
1	Кесектелген сәбіз	а) бөктірілген сәбіз
2	Сәбіздің ұсақ текшелері	б) сүтті тұздықтағы сәбіз в) үй қышқылтым көжесі г) көкөністері бар сорпа
3	Саламдалған қырыққабат	д) қаймақта бұқтыру үшін е) бұқтыру үшін ж) винегрет үшін
4	Қызылшаның орташа текшелері	з) ашытылған қырыққабаттан жасалған «орал бойынша» тәуліктік щи үшін
5	Пияздың ұсақ текшелері (түйір)	и) «Флоттан» басқа борщтар үшін к) харчо көжесі

№ 21 ТАПСЫРМА


Кесілген көкөністерді аспаздық пайдаланудың дұрыс нұсқасын және көкөністерді кесуді таңдаңыз.

№ р/р	Көкөністердің кесілген түрі	Аспаздық пайдалану
1	Кішкене бөлкеленген картоп	а) балық үшін және құйылған
2	Шабылған қырыққабат	б) тәулікті щилер үшін
3	Тегершік сәбіз	в) мөлдір маринад үшін
4	Кесектелген картоп	г) табиғи майшабақ үшін
5	Картоптың ірі текшелері	д) самсаға тартылған ет үшін
		е) «польша бойынша» ет үшін
		ж) буда піскен балық
		з) «мәскеу бойынша» балық үшін
		и) ұзындығы 3 ...4 см, кесік қабырға 0,7... 1 см
		к) ұзындығы 2.3 см, кесік 2 x 2 см
		л) қабырға 2 x 2 см, 2,5 x 2,5 см
		м) қабырға 1 x 1 см, 1,5 x 1,5 см

№ 22 ТАПСЫРМА

1. Жемісті көкөністердің қандай түрлерін білесіз?
2. Жемісті көкөністерде қандай тағамдық заттар бар?
3. Қызанақты қалай өңдеп, турайды?
4. Жемісті көкөністердің қайсысын турама салу үшін пайдаланады?

№ 23 ТАПСЫРМА




1



2



3



4

1.5 сур.

1. Ақбасты қырыққабаттан голубцы жасау дайындығының реттілігін жазыңыз. 1.5 суретте көрсетілген операциялардың қайсысы өткізіліп алды?
1 — өзекті жою; 2 — _____; 3 — _____;
4 — _____.
2. Қырыққабаттың тағамдық құндылығы неде? Турама салу үшін қырыққабаттың қандай қауданын қолданған дұрыс және неге?
3. Голубцы және шницель үшін ақбасты қырыққабатты қандай мақсатпен пісіреді?

№ 7 ТЕСТ

**Көкөністерді турама салуға дайындықтың сәйкестігін анықтаңыз.
Келтірілген нұсқалардан дұрыс жауапты таңдаңыз.**

Көкөністерді турама салу үшін дайындау нұсқалары:

1. Кәдіш. 2. Бұрыш. 3. Қызанақ. 4. Баклажандар.
 - а) жуады, жеміс беретін жерде тесік жасайды және оны тұқымымен бірге жояды, қайтадан жуады, қайнап тұрған тұзды суға 1-2 мин. салады;
 - в) судан алып, суытады және тартылған ет салады;
 - б) порциялы кесекпен турама салады, 4-5 см биіктікпен цилиндрлеп кеседі, тұқымын жояды, тұзды суға салып жартылай дайын болғанша 3-5 минут пісіреді; цилиндрді дайындайды, суытады және тартылған етпен толтырады;
 - в) жеміс беретін жерін жойып, жуады, жағалай немесе цилиндрлеп кеседі, жұмсақ жерін тұқымымен бірге алып, тартылған етпен толтырады; ұсақ жемістерге бүтіндей турама салуға болады;
 - г) турама салу үшін піскен, орташа көлемді тығыз көкөністі алады; жуады, жеміс беретін жер болған жоғарғы тығыз жерін кесіп тастайды; қасықпен жұмсақ жерін және тұқымын алады, шырынның ағызып жіберіп, тұз және бұрыш сеуіп, тартылған етпен толтырады.

Ескерту. Жауап үлгісі: 2, б және т.с.с.

№ 24 ТАПСЫРМА

1. Келесі сызбаны жазып бітіріңіз.





2. Оқулық немесе әдебиетті пайдалана отырып саңырауқұлақтың 2-3 түрін сипаттаңыз.

№ 25 ТАПСЫРМА

1. Балауса саңырауқұлақтарды қалай өңдейді?
2. Кейбір балауса саңырауқұлақтарды өңдеу барысында лимон қышқылы немесе сірке су қосылған сумен жуудың мақсаты қандай?
3. Ақ саңырауқұлақтарды өңдеу кезінде қайнаған суды 2-3 рет шашып, ал қалған саңырауқұлақтарды 4-5 мин бойы пісірудің мақсаты қандай?

«КӨКӨНІСТЕРДІ МЕХАНИКАЛЫҚ АСПАЗДЫҚ ӨНДЕУ» ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША СЫНАҚТЫҢ СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1 Нұсқа

1. Көкөністерді іріктеудің мақсаты қандай:
Сапасы бойынша;
көлемі бойынша ;
жетілу дәрежесі бойынша?
2. Тамырлы жемісті қалай өңдейді? Кесудің түрлері қандай және қарапайым түрлердің (саламдап, кесектеп, бөліктеп) аспаздық пайдаланылуы?
3. Картопты механикалық аспаздық өңдеудің сызбасын құрыңыз.
4. Ақбасты және гүлді қырыққабатты қалай өңдейді?
5. Аршылған картопты қалай сақтайды?
6. Картопты кесу түрінің сәйкестігін олардың аспаздық қоланудағы көлемін көрсете отырып кесте құрыңыз.

2 Нұсқа

1. Маусымға байланысты көкөніс қалдықтары қандай мөлшерді құрайды (картоп, сәбіз, қызылша)?
2. Кептірілген саңырауқұлақтарды қалай өңдейді?
3. Тұздалған қиярларды кесудің түрлері қандай және олардың аспаздық қолданылуы?
4. Қызанақты көкөністерді қалай өңдейді және оларды турама салуға қалай дайындайды?
5. Механикалық аспаздық өңдеу барысында көкөністердің қалдық көлемі (%) неге байланысты?
6. Қызылшаны жүйелі механикалық өңдеудің сызбасын құрыңыз.

2 Тарау

БАЛЫҚТЫ ӨНДЕУ

2 тараудағы тесттер мен тапсырмалардың көмегімен сіз балықты тез әрі дұрыс өндеуді үйренесіз.

№ 1 ТЕСТ

Жауаптың дұрыс нұсқасын таңдаңыз.

1. Қай көрсеткіш бойынша балықтың жұмсақ еті үй жануарының жұмсақ етінен жақсы деп саналады?
а) сіңімділік дәрежесі бойынша; б) химиялық құрамы бойынша; в) минералды құрамы бойынша.
2. Жылыдай өндеу әрекеті кезінде балықтың ақуызына не болады?
а) бұзылады; б) бұмен бірге бұға айналады; в) глюти желімді затқа айналады.
3. Сорпаға айналатындай жылыдай өндеу барысында экстрактивті заттар қалай әрекет етеді?
а) түсінің жақсаруы; б) калориялықтың артуы; в) тәбетті ашуы.

Ескерту. 2 тар. тесттері мен тапсырмаларының жауаптарының үлгісі: 1, а; 2, б және т.с.с.

№ 1 ТАПСЫРМА

Сөйлемді аяқтаңыз.

1. Балық өзінің химиялық құрамы бойынша үй жануары етіне жол береді, ал маңыздылығы бойынша _____ ол еттен асып түседі.
2. Балық майы адам ағзасында оңай еріп, сіңеді, ал _____ болуы оның құндылығын едәуір арттырады.
3. Йодтың көп мөлшері болуының арқасында балықты қоса береді _____ және _____ карт адамдардың тамақтануына.
4. Жылыдай өндеу кезінде экстрактивті заттар сорпаға ауысып, _____ әрекет етеді.

№ 2 ТАПСЫРМА

Сөйлемді аяқтаңыз.

1. Балықтағы майдың мөлшері оның түріне, жасына және _____
_____ байланысты.
2. Жыланбалық, _____
_____ сияқты балықтарда майдың көп мөлшері бар.
3. Майдың маңыздылығы балықтың дәмді сапасына және оның _____
_____ әсер етеді.
4. Арық балықтарға нәлім, _____
_____ жатқызады.

№ 3 ТАПСЫРМА

1. Келесі сызбаны жеткіліксіз мәліметтермен толықтырыңыз.



2. Жауап беріңіз, сапалы балықты қалай анықтайды.
3. Сапалы балықтың негізгі көрсеткіштері болып: Сыртқы түрісі және иісі, _____

_____ табылады.

№ 4 ТАПСЫРМА

Әр түрлі белгілері бойынша балықты топтастырудың сызбасын толықтырыңыз.



№ 5 ТАПСЫРМА

Жеткіліксіз мәліметтермен кестені толтырыңыз.

Еріту тәсілі	Балық	Еріту ұзақтығы және өңдеу ерекшелігі, массаның жоғалуы
Ауада	Сүбе еттің барлық түрі, ірі балық, бекіре балық, сом, арнайы мүшелеудің ұшасы мен нототения	Қағазды ашпай . үлкен блоктар— 24 с. балықты — 4... 10 с. Массаның жоғалуы 2 %
Суда	Қабыршықты және қабыршықсыз Ұсақ Ірі	
Біріктірілген	Сквама Скумбрия Ставрида Баттерфиш	
Ерітпеуге болады	Навага, 	Оңай өңделеді, қалдықтар аз, деформацияланбайды, тағамдық заттарды сақтайды

№ 6 ТАПСЫРМА

1. Балықты ерітудің қай тәсілі жақсы деп есептеледі?

2. Балықты ауады, суда еріткенде не болады?

3. Балықтың қай түрлерін ауада ерітеді?

4. Балықты еріту кезінде минералды заттардың жоғалуын қалай төмендетуге болады?

№ 7 ТАПСЫРМА

Сөйлемді аяқтаңыз, тапсырманы орындаңыз және сұрақтарға жауап беріңіз.

1. 18 _____ 20°C
температурада ауада ірі балықты бүтіндей ерітеді.
2. Ауада еріту кезінде балықтың (%) салмақ жоғалтуын атаңыз.
3. _____ суда ерітеді _____ және
_____ балықты.
4. 1 кг балыққа суық су алады ($t = 10.15^{\circ}\text{C}$) _____ л.
Балықты суда ерітудің ұзақтығы: ұсақ _____, ірі _____.
4. Суда талшықтардың ісінуінен балықтың салмағы қаншалықты өседі (%)?
5. Балықты ерітудің біріктірілген тәсілі немен қорытындыланады?

№ 8 ТАПСЫРМА

Балықтың келесі түрлерін көрсетілген топтарға бөле отырып, сызбаны толықтырыңыз: жайын, лақа, көксерке, күміс хек, сүйірік, кертік, калуга, жыланбалық, алабұға, сазан, зубатка, аксерке.

Қабыршықты	Қабыршықсыз	Бекіре балық
↓	↓	↓
1) _____	1) _____	1) _____
2) _____	2) _____	2) _____
3) _____	3) _____	3) _____
4) _____	4) _____	4) _____

№ 2 ТЕСТ

Жауаптың дұрыс нұсқасын таңдаңыз.

1. 200 гр дейінгі салмақта ұсақ балықта қалай пайдаланады?
а) порциялы кесек (дөңгеленген); б) бүтіндей; в) сүбе етке бөледі.
2. Орташа көлемді салмағы 1-1,5 кг балықты қалай пайдаланады?
а) бүтіндей; б) дөңгелетіп (порциялы кесектер); в) сүбе етке бөледі.
3. Салмағы 1,5 кг асатын ірі балықты қалай пайдаланады?
а) бүтіндей; б) дөңгелетіп (порциялы кесектер); в) сүбе етке бөледі.
4. Қандай балықтан порцияға кеспес бұрын улы болып табылатын құрсақ қуысындағы қара қабыршықты жояды?
а) алабұға; б) маринка; в) ставрида.

№ 3 ТЕСТ

Жауаптың дұрыс нұсқасын таңдаңыз.

1. Қай балықтан жылыдай өңдемес бұрын терісін алады?
а) жайын, зубатка, угольная, камбала; б) көксерке, жайын, алдаспан;
в) нототения, треска, хек.
2. Қандай балықтың терісін «шұлықтап» шешеді?
а) налим, жыланбалық, бельдюга; б) шортан, навага, қара балық;
в) камбала, треска, сайда.
3. Қай балықты тазаламас бұрын қайнаған суға 20-30 с салып сосын бірден суық суға салады?
а) қара балық; б) камбала; в) көксерке.

№ 9 ТАПСЫРМА

Тұқымдасқа кіретін балықтың түрлерін, олардың айырмашылық ерекшеліктері мен аспаздық пайдаланылуын көрсетіңіз.

Балықтың тұқымдастары	Тұқымдасқа жататын балықтар	Айырмашылық ерекшеліктер және аспаздық қолданылуы
Бекіре балық	Бекіре, севрюга, белуга, шип, калуга, сүйрік, бестер	Өте дәмді және майлы қабаттары бар балық. Қуыру, пісіру, бөктіру және көмештеу үшін пайдаланады
Тұқы		
Майшабақ		
Камбала		

№ 10 ТАПСЫРМА

Тұқымдас балыққа жататын балықтардың атауын, олардың айырмашылық ерекшеліктері мен аспаздық қолданылуын көрсетіңіз.

Балық тұқымдастары	Тұқымдасқа жататын балық	Айырмашылық ерекшеліктер және аспаздық қолданылуы
Нәлім	нәлім, пикша, сайда, лақа, минтай, мерлуза, путассу, күміс хек	Еті арық (майы 2 % дейін), ұсақ сүйектері аз. Котлетті масса, қуыру, көмештеу және пісіру үшін
Алабұға		
Кішкентай балық		
Албырт		

№ 11 ТАПСЫРМА

1. Бекіре балықты бастапқы өңдеуде жетіспейтін процесстерді жазып бітіріңіз.

Кеуде жүзбеқанаттарымен бірге басын алып тастау.

Арқа қоңыздарын кесіп тастау.

Жүзбеқанаттарын, шегірішінін жою.

Балықты буындарға бөлу.

Жанама, құрсақ қуысы және қоңыздарды жою.

Пісіру алдында буындарды орап, байлау.

Шеміршектерін кесіп, қуыру үшін порциялық бөліктерге кесу.

Порциялық бөліктерді жидіту.

2. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- 1) Бекіре балықтың буындарын қандай мақсатпен жидітеді?


- 2) Бекіре балықтың порциялық бөліктерін қандай мақсатпен жидітеді?

- 3) Бекіре балықтарды жидіткенде қанша көлем жоғалтады (%)?

№ 12 ТАПСЫРМА

1 Нұсқа

1. Нәлімді өңдеудің ерекшелігі неде (2.1сурет)?




2.1 сурет

2. Балықты қалай дұрыс жібітеді?
3. Балықтың таза сүбе етінен қалай жартылай фабрикаттарды кеседі ?
4. Балықты дөңгелектеп өңдеген кезде қанша көлемде қалдық шығады (%)?

2 Нұсқа

1. Ірі қабыршықты балықты таза сүбеге бөлудің технологиялық сызбасын құрыңыз (2.2 сурет).




2.2 Сурет

2. Балықты сүбеге өңдеу барысында қалдықтың көлемі қандай (%)?
3. Балықты негізгі тәсілмен қуыру үшін қалай кеседі?
4. Балықты қуыру үшін қолданылатын аунатудың түрлерін тізбектеңіз.

№ 13 ТАПСЫРМА

1. Қабыршықсыз балыққа жататын балықтарды атаңыз (2.3 сурет).




2.3 сурет

2. Ірі жайынды қалай өңдейді ?
3. Жайынның сүбесін қалай пайдаланады?
4. Қабыршықсыз балықты қалай жібітеді?
5. Өңдеу тәсілі бойынша балықты қалай топтастырады?
6. Қабыршықсыз балықты өңдеудің ерекшелігі неде?

№ 14 ТАПСЫРМА

1. Алабұға тұқымдасына жататын балықты өндеудің ерекшелігі неде (2.4 сурет)?




2.4сур.

2. Балықты терісімен бірге сүбеге қалай өңдейді?
3. Негізгі тәсілмен қуыру үшін терісімен бірге сүбені порциялық бөліктерге қалай кеседі?
4. Балықтан жасалған жартылай дайын өнімдерге аунатудың қай түрін қолданады?

№ 15 ТАПСЫРМА

1. 2.5 суретте қандай балық бейнеленген және қандай тұқымдасқа жатады?




2.5 сурет

2. Осы балықты өндеудің ерекшелігі неде?
3. Балықты дөңгелетіп қалай бөледі?
4. Балықты дөңгелетіп өндегенде қалдық көлемі қандай (%)?
5. Қандай жылыдай өндеу үшін дөңгелектерді пайдаланады?

№ 16 ТАПСЫРМА

1. 2.6 суретте бейнеленген балық қалай аталады?




2.6 сурет

2. Ол қай тұқымдасқа жатады? Осы тұқымдасқа жататын балықтарды атаңыз.
3. Осы тұқымдас балықтарды өңдеудің ерекшелігі неде?
4. 2.6 суретте көрсетілген балықты бастапқы өңдеудің сызбасын құрыңыз.


№ 17 ТАПСЫРМА

1. Шортанды турама салуға қалай дайындайды (2.7 сурет)?



2.7 сурет

2. Турама салуға дайындау үшін балықтың котлеттік массасын қалай жасайды?
3. 1 кг балықтың жұмсақ етіне балыққа турама салу массасына қандай азық-түлік жатады?
4. Камбаланы өңдеудің ерекшелігі неде (2.8 сурет)?



2.8 сурет

5. Майдың құрамы бойынша балықты қалай шартты түрде топтастырады?
6. Камбаладан жасалған қандай жартылай дайын өнімді кесуге болады?

№ 18 ТАПСЫРМА

(жаппай жауап алу үшін)

1 Нұсқа

1. Алабұға тұқымдасына қандай балықтар жатады?
2. Майдың құрамы бойынша балықты шартты түрде қалай топтастырады?
3. Қандай балықтар арық балықтарға жатады?
4. Балықтағы майдың мөлшері неге байланысты?

5. Балық өңдеу тәсілі бойынша қалай бөлінеді?
6. Камбаланы өңдеудің ерекшелігі неде?

2 Нұсқа

1. Нәлім тұқымдасына қандай балықтар жатады?
2. Балық көлемі бойынша қалай бөлінеді?
3. Балықтың құрамындағы балық оның аспаздық қолданылуына қалай әсер етеді?
4. Қандай балықтардың құрамында майдың көп мөлшері бар?
5. Мұздатылған балықты қалай ерітеді?
6. Ұсақ наваганы өңдеудің ерекшелігі неде?

№ 19 ТАПСЫРМА

1. Мұздатылған балықты қалай дұрыс жібітеді?
2. Балықты жібітудің қандай тәсілі жақсы деп есептеледі?
3. Ірі балықты сүбеге қалай бөледі?
4. Балықты жару кезінде сүбенің қандай түрлерін алады?

№ 20 ТАПСЫРМА

1. Балықты таза сүбеге өңдеудің технологиялық сызбасын құрыңыз.
2. Балықты таза сүбеге өңдеу кезінде қалдықтың пайыздық көлемін көрсетіңіз.
3. Балықтың таза сүбе етінен қандай жартылай дайын өнімдер кеседі?
4. Балықтан жасалған жартылай дайын өнімдерге қандай аунатуды қолданады?

№ 21 ТАПСЫРМА

1. Дөңгелектеп кесу үшін балықты қалай мүшелейді?
2. Дөңгелектеп бөлшектеген кезде қалдықтардың пайыздық мөлшерін көрсетіңіз.
3. Дөңгелектеп кесілген балықты қандай жылыдай өңдеу тәсілі үшін қолданады?
4. Омыртқалы сүйегімен кесілген балықтың порциялық бөліктерін қандай жылыдай өңдеу үшін пайдаланады?
5. Балықты қантай мақсатта аунатады?

№ 22 ТАПСЫРМА

1. Балықты таза сүбеге өңдеудің жүйелілігін есептеңіз.
2. Балықтың сүбесінен қандай жартылай дайын өнімдер жасалады және оларды қалай кеседі?
3. Балықтың таза сүбесінен жасалған жартылай дайын өнімдер үшін аунатудың қандай түрлерін қолданады?
4. Балықтың таза сүбесінен жасалған жартылай дайын өнімдер үшін жылыдай өңдеудің тәсілдерін тізбектеңіз.

5. Балықты таза сүбеге өңдеу кезінде шығатын қалдықтың мөлшерін көрсетіңіз (%).

№ 23 ТАПСЫРМА

1. Балықтың таза сүбесін жартылай дайын өнімдерге 30 ° бұрышқа не үшін кеседі?
2. Балықтың таза сүбесінен жалсалатын тағамдардың түрлерін тізбектеңіз.
3. Котлеттік масса дайындау үшін балықтың қандай түрлерін қолдануға болады?
4. 1 кг балықтың жұмсақ етіне балықтың котлеттік массасының құрамын жазыңыз.
5. Балықтың котлеттік массасынан жасалған жартылай фабрикааттарды тізбектеңіз.

№ 4 ТЕСТ

Берілген жауаптардың нұсқасынан дұрыс емесін таңдаңыз.

Порциялық жартылай дайын өнімдерді кесу.

1. Пісіру үшін:
 - а) тұзу бұрыш астындағы дөңгелек пішінді порциялық бөліктер; б) терісі мен сүйектері бар жарылған балықтың бөліктері; в) терісімен және терісі жоқ, терісін екі-үш жерде кеседі; г) балыққа 30 ° бұрышта тері және сүйексіз кеседі.
2. Бөктіру үшін:
 - а) балыққа 30 ° бұрышта тері және сүйексіз кеседі; б) тұзу бұрыш астындағы дөңгелек пішінді порциялық бөліктер; в) терісі мен сүйектері бар жарылған балықтың порциялық бөліктері; г) майда буындар.
3. Негізгі тәсілмен қуыру:
 - а) тұзу бұрыш астындағы дөңгелек пішінді порциялық бөліктер; б) балыққа тұзу бұрыштың астында омыртқа сүйегімен порциялық бөліктерге бөледі; в) 30 ° бұрыштың астында сүйексіз сүбені тегіс жалпақ бөліктерге; г) тұзу бұрышта кесілген тері және сүйексіз.
4. Қыздырылған майда қуыру үшін:
 - а) дөңгелек (дөңгелекше) пішінді порциялық бөліктер; б) 30 ° бұрышта кесілген балықтың таза сүбесінің порциялық кесектері; в) ені 4-5см, қалыңдығы 1 см, ұзындығы 15-20 см таспа түріндегі балықтың таза сүбесі; г) ромб пішінді балықтың таза сүбесі.
5. Балықты қуырмас бұрын қандай мақсатта аунатады?
 - а) сұйықтығын жоғалтпау үшін; б) қуырылған қабықша пайда болуы үшін; в) жаңа дәм мен иіс пайда болуы үшін; г) ақуыздар мен дәрумендерін жоғалтпау үшін.

№ 24 ТАПСЫРМА (ҮЙ ТАПСЫРМАСЫ)

Келесі кестеде балықтан жасалған жартылай фабрикаттар мен жылыдай өңдеу тәсіліне байланысты оларды кесу бұрышын көрсетіңіз.

Жылыдай өңдеу тәсілі	Балықтан жасалған жартылай фабрикаттардың пішіні және кесу бұрышы
Негізгі тәсілмен пісіру	Балықты бүтіндей, буындарды
Қыздырылған майда қуыру	
Бөктіру	Балықты бүтіндей күйінде, майда буындарды,
Негізгі тәсілмен қуыру	

№ 25 ТАПСЫРМА

1. Үлгі бойынша сызбаны аяқтаңыз.



2. Тапсырманы орындаңыз және сұрақтарға жауап беріңіз.

- 1) . Аунатуды өнімге бекіту үшін оны жұмыртқа, сүт және тұз қоспасында жібітеді. 1 кг-ға осы қоспаның атауы мен құрамын жазыңыз.
- 2) . «Қосарлы аунату» деген не және оны жылыдай өңдеудің қандай тәсілін пайдаланады ?
- 3) . «Сұйық қамыр» дегеніміз не? Оны қандай жартылай дайын өнімдер үшін пайдаланады?

№ 26 ТАПСЫРМА

1. Балықтың котлеттік массасын дайындаудың реттілігін көрсетіңіз.

№ р/р	Дайындау технологиясы	Дайындау жүйелілігі (жауапты цифрлармен беру)
1	Балықты таза сүбеге бөлшектейді	
2	Нанды жібітеді (2-3 күнді 1 сұрыпты 1)	
3	Массаны мұқият араластырады	
4	Балықтың таза сүбесін ет тартқыштан өткізеді	
5	Массаны салқындатады	
6	Балық етін нанға қосып, тағы да ет тартқыштан өткізеді	
7	Жібітілген нанды сәл сығады	
8	Су немесе сүт қосады	
9	Тұз, бұрыш қосады	
10	Бидайдан жасалған нанды қабықшасынан тазалайды	
11	Массаны толық араластырады	
12	Жартылай фабрикаттарды пішіндейді	
13	Массаны порциялайды	

2. 100 гр балық сүбесіндегі азық-түліктің мөлшерін көрсетіңіз:

нан _____ ;

сұйықтық _____ ;

тұз _____ ;

бұрыш _____ .

3. Котлеттік массаға жұмсақ үгілмелілігін арттыру үшін майлы емес балықтан қосатын піскен балықтың қосатын көлемін көрсетіңіз (%).

№ 5 ТЕСТ

Жауаптың дұрыс нұсқасын таңдаңыз.

- Терісімен бірге сүбеге өңделген балықты котлеттік масса дайындау үшін қосуға бола ма?
а) иә; б) жоқ.

2. Балықтың котлеттік массасын дайындау үшін 25-30 % піскен балықты пайдалануға болады ма?
а) иә; б) жоқ.
3. Балықтың котлеттік массасынан қандай жартылай дайын өнімді тартылған піскен жұмыртқа және шала қуырылған пиязбен дайындайды?
а) котлеттер, домалатпалар; б) зраздар, тельное; в) тефтели, түйір еттер
4. Қай жартылай дайын өнімнің котлеттік массасына шала қуырылған басты пиязды қосады?
а) котлеттер; б) зраздар; в) тефтели.

№ 27 ТАПСЫРМА

Балықтың котлеттік массасынан жасалған жартылай дайын өнімге сипаттама беріңіз (үлгі бойынша).

Өнім	Саны, дана.	Пішіні	Аунату	Жылыдай өңдеу тәсілі
Котлеттер	2	Сопақша-сүйірленген	Кептірілген нан	қуыру
Домалатпалар				
Тефтели				
Зраздар				
Тельное				
Рулет				

№ 28 ТАПСЫРМА

1. Котлеттік масса жасау үшін 1 кг балық сүбе етіне азық-түліктің мөлшерін көрсетіңіз.
2. Котлеттік масса жасаудың технологиялық сызбасын құрыңыз.
3. Котлеттік массаға қандай мақсатпен кептірілген нан қосады?

«БАЛЫҚТЫ ӨНДЕУ» ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША ЖАППАЙ ЖАУАП АЛУ ҮШІН СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1 Нұсқа

1. Бекіре балығын қалай жібітеді?
2. Камбаланы өндеудің ерекшелігі неде?
3. Ұсақ наваганың ішек-қарнын қалай жояды?
4. Балықтың котлеттік массасының құрамы қандай?
5. Бекіре балығының буындарын жидітудің мақсаты қандай?
6. Балықты пісіру үшін қалай кесу керек?

7. Тельное пішінін атаңыз.
8. Лъезон құрамы қандай?
9. Балықты аунатудың мақсаты қандай?

2 Нұсқа

1. Қабыршықты балықты қалай жібітеді?
2. Көксеркені өңдеудің ерекшелігі неде?
3. Шортанға турама салу үшін терісін қалай жояды?
4. Балықтың котлеттік массасынан жасалатын жартылай дайын өнімдерді тізбектеңіз.
5. Бекіре балығының порциялық кесектерін жидітудің мақсаты қандай?
6. Негізгі тәсілмен қуыру үшін балықты қалай кесу керек?
7. Балықтың котлеттік массасынан жасалған рулеттің пішінін атаңыз.
8. Аунатудың түрлерін тізбектеңіз.
9. «Сұйық камырдың» құрамы қандай?

«ТЕҢІЗ ӨНІМДЕРІН ӨНДЕУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ АСПАЗДЫҚ ҚОЛДАНУ» ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША ҮЙ ТАПСЫРМАСЫ

1. «Аспаздық» (Н.А.Анфимова) және «Тамақ өнімдерінің тауартануы» (З.П.Матюхина) оқулықтарын пайдалана отырып теңіз өнімдерінің төрт-бес түрін өңдеудің ерекшеліктері және олардың тағам дайындау үшін қолданылуы туралы реферат жазыңыз.
2. Сұрақтарға жауап беріңіз.
 - 1) омарларды қалай өңдейді? 3) Асшаяндарды қалай өңдейді?
 - 2) Кальмарларды қалай өңдейді? 4) Мидияны қалай өңдейді?
3. Келесі кестені толтырыңыз.

Теңіз өнімдері	Тамақ кәсіпорнына түскен кездегі теңіз өнімдерінің күйі	Тәсілдері (өңдеу реттілігі)	Аспаздық қолданылуы	Сақтау шарттары
1. Мидия 2. Устрица 3. Теңіз ирекшелері 4. Кальмарлар 5. Таңқышаяндар мен асшаяндар 6. Сегізаяқтар	Салқындалатын немесе мұздатылған	$t = 18... 20^{\circ}\text{C}$ до $t = 3^{\circ}\text{C}$ еріту; өңдеу; жуу; қайтара ұру; терісін жою	2 кг дейін салмақта пісіру; қуыру; бұқтыру; көмештеу	$t = 0... 2^{\circ}\text{C}$ температурада шикі немесе піскен түрінде 2 тәуліктен асырмай

«БАЛЫҚТАРДЫ ӨНДЕУ» ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША СЫНАҚТЫҢ СҰРАҚТАРЫ МЕН ТАПСЫРМАЛАРЫ (ШАҒЫН ТОПТАРҒА 5 СҰРАҚТАН)

1. Балықтың тағамдық құндылығы неде?
2. Мұздатылған балықты жібіту тәсілдерін сипаттаңыз: суда; ауада; біріктірілген.
3. Балықтарды әр түрлі белгілері бойынша топтастыруды тізбектеңіз.
4. Қабыршықты ірі балықты қалай өңдейді?
5. Қабыршықты орташа балықты қалай өңдейді?
6. Қабыршығы жоқ балықты өңдеудің ерекшелігі неде?
7. Навага, камбала және көксеркені өңдеудің ерекшелігі неде?
8. Турама салу үшін шортанды өңдеудің ерекшелігі неде?
9. Бекіре балық тектес балықтарды өңдеудің ерекшелігі неде?
10. Балықтың котлеттік массасы және олардан жартылай дайын өнімді жасау технологиясы қандай ?


3 ТАРАУ

ЕТ ЖӘНЕ ЕТ ӨНІМДЕРІН ӨНДЕУ

3 тараудың тесттері мен тапсырмаларының көмегімен сіз етті өндеу бойынша алған біліміңізді бекітесіз. 3 тараудағы тапсырмаларды орындаңыз және жауаптардың дұрыс нұсқасын таңдаңыз.

№ 1 ТАПСЫРМА


1. Еттің тағамдық құндылығы неде?
2. Ет қандай негізгі талшықтардан тұрады?
3. Ет қоғамдық тамақтану кәсіпорындарына қандай түрінде түседі?
4. Сапалы еттің белгілері қандай?
5. Мұздатылған етті механикалық аспаздық өндеудің сызбасын жазып аяқтаңыз.



6. Етті қандай мақсатпен жібітеді?
7. Етті жібіту тәсілдерінің ерекшелігі неде?
8. Сойылған малдың жуылған тұтас етін қалай және қандай мақсатпен кептіреді?

№ 2 ТАПСЫРМА

1. Ет семізділігі бойынша қалай бөлінеді?
2. Сапалы ет қалай анықталады?




3.1 сур. Сиыр жарты етінің бөліктері:

1 — мойын бөлігі; 2 — жауырынды бөлігі; 3 — төс; 4 — жиегі; 5 — қалың шеті; 6 — жұқа шеті; 7 — кесек ет; 8 — көк ет; 9 — жамбас бөлігінің жоғарғы кесегі; 10 — жамбас бөлігінің сыртқы кесегі; 11 — жамбас бөлігінің жанама кесегі; 12 — жамбас бөлігінің ішкі кесегі

3. 3.1 суретте сиыр жарты етінің бөліктерін цифрмен олардың атауын белгілеп көрсетіңіз.

№ 3 ТАПСЫРМА

1. 3.2 суретте сиыр тұтас етінің алдыңғы ширегін көрсетіңіз .




3.2 сур.

- Етті өңдеудің технологиялық сызбасы қандай жүйелілік операциялардан тұрады?
- Сиыр тұтас етінің алдыңғы ширегінің аспаздық қолданылуын көрсетіңіз.

Сиыр тұтас етінің алдыңғы ширегінің бөлігі	Бір рет пайдаланатын
Жауырын	
Мойын	
Төс	
Көгет	
Қалың шеті	

№ 4 ТАПСЫРМА

1. Аспаздық мүшелеу кезінде сиырдың тұтас (жарты) етін қандай бөліктерге бөледі (3.3 сур.)?




3.3 сурет

2. Сиыр жарты етінің қандай бөліктерін пайдаланады:
а) қуыру үшін; б) бұқтыру үшін; в) котлеттік масса үшін?
3. Сапалы еттің белгілерін атаңыз.

№ 5 ТАПСЫРМА

1. Сиыр жарты етінің алдыңғы ширегін өңдеу сызбасын толықтырыңыз және 3.4. суретте мүшелеудің жүйелілігін көрсетіңіз.



3.4 сурет



2. Сұрақтарға жауап беріңіз.
 - 1) «бөліп алған жердің сүйегінен етті сылып алу дегеніміз не?»
 - 2) Алдыңғы ширектік қандай бөліктерін қуыру үшін пайдаланады?
 - 3) Алдыңғы ширектік қандай бөліктерін бұқтыру үшін пайдаланады?

№ 6 ТАПСЫРМА

1. 0 ден 8 °C дейінгі температурада етті ақырын жібіткенде не болады?
2. Етті 20-25 °C температурада жылдам жібіткенде не болады?
3. Неге етті суда жібітуге тыйым салынады?
4. Етті жібіткеннен кейін жартылай дайын өнімді кеспес бұрын қандай операциялар қажет?


№ 7 ТАПСЫРМА

- Сөйлемді аяқтаңыз.
1. Етті ақырын жібіткен кезде, % құрайды. Ет массасына ет шырынының азаюы _____ құрайды.

2. Етті тез жібіткен кезде ет шырының азаюы _____ % ет массасына артуы мүмкін.
3. Етті суда жібітуге жол берілмейді, себебі суда _____.

№ 8 ТАПСЫРМА

1. Сиырдың тұтас етінің артқы ширегінің бөліктерін көрсетіңіз (3.5 сурет). Оларды атаңыз.



3.5 Сурет

2. Қоғамдық тамақтану кәсіпорындарында етті қабылдаған кезде нені тексереді?
3. Қоғамдық тамақтану кәсіпорындарына ет қандай түрде және қандай күйде түседі?
4. Сиырдың тұтас етінің артқы ширегінің қандай бөліктерін пайдаланады:
а) қуыру үшін; б) бұқтыру үшін; в) котлеттік масса үшін?

№ 9 ТАПСЫРМА

Әр түрлі жылыдай өңдеу үшін қолданылатын сиыр тұтас етінің бөліктерін көрсетіңіз (үлгі бойынша).

Жылыдай өңдеу тәсілі	Сиыр етінің қолданылатын бөліктері	Тұтас ет бөліктері
Қуыру үшін		Кесек ет
		Жауырын Тұтас еттің I санаттағы жиегі Төс
Бұқтыру үшін		Мойын Көгет Тұтас еттің II санаттағы жиегі
		Қалың шеті Жұқа шеті

Жылыдай өңдеу тәсілі	Сиыр тұтас етінің пайдаланылатын бөліктері	Тұтас ет бөліктері
		Қалың шеті Жұқа шеті
Пісіру үшін		Артқы аяқтың ішкі бөлігі Артқы аяқтың жоғарғы бөлігі
Котлеттік масса үшін	Мойын, көгет, тұтас еттің II санаттағы жиегі	Артқы аяқтың жанама бөлігі Артқы аяқтың сыртқы бөлігі

№ 10 ТАПСЫРМА

Сиыр тұтас етінің аспаздық пайдаланылатын бөліктерін көрсетіңіз (үлгі бойынша).

Сиыр тұтас етінің бөліктері	Аспаздық қолданылуы
Кесек ет	Порциялық және ұсақ кесектермен, бүтіндей қуыру үшін
Қалың шеті Жұқа шеті	
Артқы аяқтың ішкі бөлігі Артқы аяқтың жоғарғы бөлігі	
Артқы аяқтың жанама бөлігі Артқы аяқтың сыртқы бөлігі	
Жауырын Тұтас еттің I санаттағы жиегі Төс	

№ 11 ТАПСЫРМА


Аспаздық пайдаланылуына байланысты тұтас еттің бөліктерін көрсетіңіз.

Сиыр тұтас етінің бөліктері	Аспаздық қолданылуы
Кесек ет	Ірі және порциялық кесектермен қуыру
	Ірі кесекпен, порциялық кесекпен және ұсақ кесекпен қуыру
	Порциялық және ұсақ кесектермен қуыру. Ірі кесектеп бұқтыру

Сиыр тұтас етінің бөліктері	Бір рет пайдаланатын
	Ірі кесектеп, порциялық кесектермен және ұсақ тілімдермен бұқтыру (азу, палау)
	Ірі кесектеп пісіру, ұсақ кесекпен бұқтыру (гуляш)
	Котлеттік және таза туралған масса

№ 12 ТАПСЫРМА

- Қойдың тұтас етін бөлшектеудің реттілігін тізбектеңіз:
 - бүйрегін жояды;
 -
 -
 - және т.б.
- Қой бөліктерінің атауын (3.6 сурет) және олардың аспаздық қоланылуын тізбектеңіз.
- I және I санатты қойды өңдеу кезіндегі шығынды көрсетіңіз.



3.6 сурет

№ 13 ТАПСЫРМА

1. келесі сызбада қой бөліктерінің пайдаланылуын көрсетіңіз.




2. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- 1) Қой етінің қақталған сүбесі мен сан етінен қандай порциялық жартылай өнімдер кеседі?
- 2) Қой етінен қандай ұсақ кесектелген жартылай дайын өнім кеседі?

№ 14 ТАПСЫРМА

Сұрақтарға жауап беріңіз және тапсырманы орындаңыз.

1. Сызбадағы (3.7 сурет) шошқа тұтас етінің бөліктерін көрсетіңіз.




3.7 сурет

2. Шошқа тұтас етін шабуды қандай реттілікпен іске асырады?
3. Шошқа тұтас етінің бөліктерін аспаздық қолдануды тізбектеңіз.
4. Шошқа тұтас етінен қандай жартылай дайын өнімдерді кесуге болады:
 - а) ірі кесектелген; б) порциялық; в) ұсақ кесектелген?

№ 15 ТАПСЫРМА

Сұрақтарға жауап беріңіз және тапсырманы орындаңыз.

1. Сызбадағы (3.8 сурет) қой тұтас етінің бөліктерін көрсетіңіз.



3.8 сурет

2. Қой тұтас етін шабуды қандай реттілікпен іске асырады?
3. Қой тұтас етінің бөліктерін аспаздық қолдануды тізбектеңіз.
4. Қой тұтас етінен қандай жартылай дайын өнімдерді кесуге болады:
а) ірі кесектелген; б) порциялық; в) ұсақ кесектелген?

«ҚОЙ, ШОШҚА ЕТІН ӨНДЕУ» ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША ҚАЙТАЛАУ ҮШІН СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1 Нұсқа

1. Қой етін шапқан кезде алынатын еттің бөліктерін тізбектеңіз.
2. Қойдың қандай бөліктерін қуыру үшін пайдаланады?
3. Шошқаның қандай бөліктерінен эскалоп кеседі?
4. Палау кесудің түрін атаңыз.
5. Эскалоптың шницельден айырмашылығы қандай?

2 Нұсқа

1. Қойдың қандай бөліктерін бұқтыру үшін пайдаланады?
2. Қақталған сүбеден кесілетін жартылай дайын өнімдерді тізбектеңіз.
3. Палаудың жартылай дайын өнімдерінің рагудың жартылай дайын өнімдерден айырмашылығы қандай?
4. Кәуаптарды маринадтаудың мақсаты қандай?
5. «Кар» кәуабына сипттама беріңіз.

3 Нұсқа

1. Шошқа сан етінен қандай жартылай дайын өнімдер кесуге болады?
2. Шошқаның қандай бөліктерін қуыру үшін пайдаланады?
3. Қуырма кесудің түрі қандай?
4. Төс етінен кесілетін жартылай дайын өнімдерді тізбектеңіз.
5. Жаншылған котлеттен табиғи котлеттің айырмашылығы неде?

4 Нұсқа

1. Қойдың қандай бөліктерін туралған масса үшін пайдаланады?
2. Шошқаның қандай бөліктерінен эскалоп, шницель, табиғи котлеттер жасайды?
3. Шошқа етінің ұсақ кесектелген жартылай дайын өнімдерін атаңыз.
4. Гуляш кесудің түрлері қандай?
5. Еттің қай бөлігін туралған масса үшін пайдаланады?

«СИЫР ЕТІН АСПАЗДЫҚ ПАЙДАЛАНУ» ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША ҚАЙТАЛАУ ҮШІН СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1 Нұсқа

1. Бұқтыру үшін қолданылатын сиыр жарты етінің бөліктерін тізбектеңіз.
2. Котлеттік және туралған масса үшін қолданылатын сиыр жарты етінің бөліктерін тізбектеңіз.
3. Етті қалай дұрыс жібіту керек?

2 Нұсқа

1. Сиыр жарты етінің алдыңғы ширегінің бөліктерін атаңыз.
2. Сиыр жарты етінің қандай бөліктерін ірі кесектеп қуыру үшін пайдаланады?
3. Сиыр етін аспаздық өңдеу реттілігін тізбектеңіз.

3 Нұсқа

1. Порциялық кесектермен қуыру үшін қолданылатын сиыр жарты етінің бөліктерін тізбектеңіз.
2. Пісіру үшін қолданылатын сиыр жарты етінің бөліктерін тізбектеңіз.
3. Сапалы етті қандай көрсеткіштер бойынша анықтайды?

4 Нұсқа

1. Сиыр жарты етінің артыңғы ширегінің бөліктерін атаңыз.
2. Сиыр жарты етінің қандай бөліктерін ұсақ кесектеп қуыру үшін пайдаланады?
3. Қоғамдық тамақтану кәсіпорындарына ет қандай түрінде түседі?

№ 1 ТЕСТ

Жауаптың дұрыс нұсқасын тандаңыз.

1. Шошқа тұтас еті неше бөлікке бөлінеді?
а) 5; б) 6; в) 7; г) 9.
2. Ет қандай температура кезінде дұрыс жібітіледі?
а) 0 - ден 6... 8 °С дейін 1... 3 тәулік ішінде; б) 20-дан 25 °С дейін 12... 24 сағ. ішінде; в) 10-нан 15 °С дейін 10... 12 сағ. ішінде; г) 8-ден 10 °С дейін 3 -4 тәу. ішінде
3. Тартылған етке пияз бен жұмыртқа қосып қандай жартылай дайын өнімдері жасалады?
а) туралған зраздар, рулет; б) туралған домалатпалар; в) тефтели; г) «Полтавский» котлеттері.
4. «Сүйектен етті сылып алу» дегеніміз не?
а) сіңір, қабыршақ, шеміршектерді алып тастау; б) еттен сүйекті бөліп алу; в) шабылғандарға бөлу; г) етті тазалау.
5. Кесек етті порциялық кесектермен ... үшін пайдаланады:
а) лангет, сүбе, бифштекс; б) антрекот, жаншылған зраздар; в) ромштекс, шницель; г) эскалоп.

Ескерту. 3 тараудың тесттер мен тапсырмаларының жауаптарының үлгісі : 2, б; 3, г және т.б.

№ 2 ТЕСТ

Жауаптың дұрыс нұсқасын таңдаңыз.

1. Шошқа тұтас етінің қандай бөліктерінен гуляш кеседі?
а) төс еті; б) қақталған сүбе; в) көгет; г) сан ет.
2. 1 кг табиғи туралған шоқа етінің массасына қанша шпикті пайдаланады?
а) 200 г; б) 160 г; в) 150 г; г) 120 г.
3. Табиғи туралған шницель үшін қандай аунату қоладыналады ?
а) ак; б) ұн; в) кепкен нан; г) нан.
3. Қандай өнімдер үшін нан мөлшері аз котлеттік массалар дайындалады?
а) шницель; б) домалатпалар; в) тефтели; г) котлеттер.
4. Туралған масса дайындау үшін қой тұтас етінің қандай бөліктері қолданылады?
а) жауырын; б) төс еті; в) мойын; г) жамбас.

№ 3 ТЕСТ

Жауаптың дұрыс нұсқасын таңдаңыз.

1. Қойдың тұтас етінде неше бөлік бар?
а) 5; б) 6; в) 7; г) 9.
2. Порциялық жартылай дайын өнімдерді дайындау үшін қой тұтас етінің қандай бөліктерін пайдаланады?
а) мойын; б) жауырын; в) қақталған сүбе; г) жамбас.
3. Сиырдың кесек етінен қандай жартылай дайын өнімдер кеседі?
а) антрекот; б) «мәскеу бойынша» кәуап; в) гуляш; г) қуырма.
4. Шошқа етінің қандай бөліктерін пісіру үшін қолданады?
а) қақталған сүбе; б) жамбас; в) төс ет; г) мойын.
5. Котлеттік масса дайындау үшін 1 кг етке қанша бидайдан жасалған нанды пайдаланады?
а) 400 г; б) 250 г; в) 110 г; г) 300 г.

№ 4 ТЕСТ

Жауаптың дұрыс нұсқасын таңдаңыз.

1. 1 кг туралған масса дайындау үшін сиыр етінің қанша мөлшері қажет?
а) 800 г; б) 600 г; в) 700 г; г) 500 г.
2. Бұқтыру үшін сиыр еті ширегінің қандай бөліктерін пайдаланады ?
а) қалың шеті; б) төс ет, жауырын; в) көгет; г) мойын.
3. Еттің негізгі талшықтары қанша?
а) 3; б) 4; в) 5; г) 6.

4. Бірінші кезекте шошқа етінің қай бөлігін бөледі?
а) жауырын; б) жамбас; в) кесек ет; г) төс ет.
5. Еттің қай талшығында мизоин негізгі ақуыз болып табылады?
а) майлы; б) бұлшық етті; в) сүйекті; г) дәнекер.

№ 5 ТЕСТ

Жауаптың дұрыс нұсқасын таңдаңыз.

1. Бифштекс дайындау үшін қандай жылыдай өңдеу тәсілін қолданады?
а) пісіру; б) бұқтыру; в) қуыру; г) көмештеу.
2. Котлет дайындау үшін 1 кг котлетті етке қанша мөлшерде сұйықтық қажет?
а) 100 г; б) 200 г; в) 250 г; г) 300 г.
3. Туралған массада жасалған ет түйірлерін дайындаудың ерекшелігі неде?
а) ерекшелігі жоқ туралған ет; б) басты пияз бен шикі жұмыртқа қосылады; в) нан қосылады; г) сары май қосылады.
4. Туралған сраздар үшін қандай аунатуды пайдаланады?
а) кептірілген наннан жасалған; б) қосарлы; в) ұн; г) нан.
5. Шошқа етінің қай бөлігінен рагу жасалады?
а) жауырын; б) қақталған сүбе; в) төс ет; г) сан ет.

№ 6 ТЕСТ

Жауаптың дұрыс нұсқасын таңдаңыз.

1. Қой етінің қай бөлігі бұқтыру үшін қолданылады?
а) төс ет; б) мойын; в) жамбас; г) қақталған сүбе.
2. Шошқаның қақталған сүбесінен қандай жартылай дайын өнім жасайды?
а) эскалоп; б) ромштекс; в) сүбе; г) шницель.
3. Сиырдың жарты еті неше бөліктен тұрады?
а) 9; б) 10; в) 11; г) 13.
4. Қоғамдық тамақтану кәсіпорындарына қандай ет ширектеп түседі?
а) қой; б) сиыр; в) шошқа; г) бұзау еті.
5. Сиырдың кесек етінен кесілетін лангеттің (см) қалыңдығын көрсетіңіз.
а) 2; б) 2,5; в) 3; г) 1,5.

№ 7 ТЕСТ

Жауаптың дұрыс нұсқасын таңдаңыз.

1. Қоғамдық тамақтану кәсіпорындарына сиыр еті түседі:
а) жартылай және тұтас; б) жартылай және ширек; в) тұтас және ширектеп;

- г) ширек.
2. Котлеттік массаны дайындау үшін сиыр етінің қай бөлігі пайдаланылады?
а) мойынның жұмсақ еті; б) жұқа шеті; в) жауырын; г) төс ет.
 3. Қалың шеті не үшін пайдаланылады?
а) пісіру және бұқтыру; б) котлеттік массаны дайындау үшін; в) қуыру; г) көмештеу.
 4. Еттің қандай бөлігінен антрекот, ромштекс кеседі?
а) кесек ет; б) төс ет; в) қалың шеті; г) көгет.
 5. «етті сіңірінен айыру» термині нені білдіреді?
а) етті, сіңір, қабыршақ, шеміршектерді алып тастау; б) етті кептірілген нанда аунату; в) етті сүйектен сылып алу; г) шеттерінен ернеулерді кесіп алу.

№ 8 ТЕСТ

Жауаптың дұрыс нұсқасын таңдаңыз.

1. Сиыр етінің қалың шетінен қандай жартылай дайын өнімдерді кеседі?
а) шницель, эскалоп; б) ромштекс, антрекот; в) сүбе, лангет.
2. Сиырдың арқа-қабырғалы бөлігі неден тұрады?
а) қалың шеті, жауырын астындағы бөліктер, көгет; б) қалың шеті, көгет, жиегі; в) жауырын, төс ет, көгет.
3. Қуыру үшін сиыр етінің қандай бөліктерін пайдаланады?
а) артқы аяқтың жоғарғы және ішкі бөліктерін; б) артқы аяқтың жанама және сыртқы бөліктер; в) артқы аяқтың жанама кесегі, ішкі бөлігі.
4. Еттің не үшін кептіреді?
а) жібіту кезінде пайда болған шырынды жұтып алу үшін; б) микробтардың көбеюіне кедергі жасайды және етті өндеген кезінде қолда сырғанамайды ; в) содан кейін жұмсара түседі.
5. Етті қалай жібітеді?
а) суда; б) ауада; в) біріккен тәсілмен.

№ 9 ТЕСТ

Жауаптың дұрыс нұсқасын таңдаңыз.

1. Табиғи туралған еттен қандай жартылай дайын өнімдер жасалады?
а) бифштекс, зраздар; б) түйір еттер, люля-кебаб; в) еттен жасалған рулет, домалатпалар.
2. Котлеттік массадан қандай жартылай дайын өнімдер жасалады?
а) домалатпалар, зраздар, еттен жасалған рулет; б) люля-кебаб, шницель; в) тефтели, бифштекс.
3. Кесек еттен порциялық қандай жартылай дайын өнімдер жасалады?
а) бифштекс, сүбе, антрекот; б) сүбе, лангет, бифштекс; в) ромштекс, шницель, эскалоп.

4. Кесек еттен қуыру үшін ұсақ кесектелген қандай жартылай дайын өнімдер кесіледі?
а) гуляш, азу, палау; б) қуырма, бефстроганов, «мәскеу бойынша» кәуап; в) бефстроганов, азу, қуырма.
5. Бұқтыру үшін сиыр етінен қандай порциялық жартылай дайын өнімдер кесіледі?
а) антрекот, ромштекс; б) жаншылған зраздар, духовкадағы сиыр еті; в) палау, эс-калоп.

№ 10 ТЕСТ

Жауаптың дұрыс нұсқасын таңдаңыз.

1. Таза туралған ет массасы үшін сиыр етінің қандай бөліктерін пайдаланады?
а) кесек ет, қалың шеті; б) қалың, жұқа шеті; в) мойын жұмсақ ету, кесінді.
2. Котлеттік массаны дайындау үшін сиыр етінің қандай бөліктерін пайдаланады?
а) көгет, кесінді; б) II санатты жиек; в) кесек ет.
3. Бефстроганов, қуырма жартылай дайын өнімдерді кесу үшін сиыр етінің қандай бөліктерін пайдаланады?
а) төс ет; б) кесек еттің кесіндісі; в) мойынның жұмсақ еті.
4. Антрекот, ромштекс порциялық жартылай дайын өнімдерді кесу үшін сиыр етінің қандай бөліктерін пайдаланады?
а) артқы аяқтың жанама және сыртқы бөліктері; б) жамбас бөлігінің ішкі және жоғарғы бөліктері; в) қалың шеті.
5. Гуляш жартылай дайын өнімдерді кесу үшін сиыр етінің қандай бөліктерін пайдаланады?
а) жауырын және жауырын асты бөлік; б) мойынның жұмсақ еті; в) кесінділер.

№ 1 ТАПСЫРМА

1. Еттің котлеттік массасын дайындаудың сызбасын жазып бітіріңіз.



Оны дайындау үшін май мөлшері 10% дейін семіз малдың етін пайдаланған жөн. Егер ет майлы болмаса, онда таза шпик немесе 5-10 % мөлшерде таза еттің майын қосады.

2. Котлеттік массаның рецептурасын жазып бітіріңіз:

Котлеттік ет — 1 000 г;

нан — _____ ;

сүт немесе су — _____ ;

тұз — _____ ;

бұрыш — _____ .

3. Котлеттік массаны дайындау үшін пайдаланылатын еттің бөліктерін атаңыз:

Сиыр етінен _____ ;

Шошқа еті _____ ;

Қой еті _____ .

№ 2 ТАПСЫРМА

1. Тізбектелген азық-түлікке сәйкес туралған еттен жасалатын жартылай дайын өнімді және рецептурасын көрсетіңіз.

Азық-түлік	Рецептура	Туралған еттен жасалатын жартылай дайын өнім
Котлеттік ет		
Май (шпик)		
Су немесе сүт		
Тұз		
Бұрыш		

2. Сұраққа жауап беріңіз.

Таза туралған етті дайындау үшін еттің қандай бөліктерін пайдаланады?

сиыр етінің — _____ ;

шошқаның — _____ ;


қойдың — _____ .

№ 3 ТАПСЫРМА

1. Сиыр етінің жартылай дайын өнімдерінен ростбиф, бифштекс, сүбе ет, лангет, антрекот, ромштекс, жаншылған зраздар, духовкадағы сиыр еті, бефстроганов, гуляш, азу дайындайды. Ол үшін алдымен еттің ірі кесегінен ірі кесекті жартылай дайын өнімді кеседі, содан кейін порциялық және тек қана қалғанынан ұсақ кесектелген жартылай дайын өнім жасайды.

Жартылай дайын өнімді кесудің осындай жүйелілігін неге сақтау керектігін түсіндіріңіз?

2. Сиыр еті үш бөлікке бөлінеді (3.9-сурет): тығыздалған (бас), орта және жұқа (құйрық).



3.9 сурет

Басынан бифштекстер кеседі, орташа бөліктен — сүбе, құйрығынан — лангеттер, порциялық жартылай дайын өнімдерден кескеннен алынған кесінділерден — бефстроганов.

3. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1) Порциялық жартылай дайын өнімдердің кесінділері— бифштекс, сүбе, лангеттің қалыңдығы қандай?

2) Порциялық жартылай дайын өнімдерді дайындау барысында етті қандай мақсатпен жаныштайды?


3) Кесінділерден жасалған порциялық жартылай дайын өнімдер үшін қандай жылыдай өңдеу тәсілін қолданады?

№ 4 ТАПСЫРМА

Тазаланған ет жылыдай өңдеуге 1,5 – 2,5 кг салмақпен ірі кесек түрінде, порциялық кесектері 1-3 данадан, 1 порцияға жалпы салмағы 70-200г және ұсақ кесектермен түседі.

Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. 3.10 суретте қандай жартылай дайын өнім бейнеленген?



3.10 сурет

- 3.10 суретте бейнеленген жартылай дайын өнімді кесу үшін еттің қандай бөліктерін пайдаланады?
- 10 суретте бейнеленген жартылай дайын өнімді қалай дайындайды?
- 10 суретте бейнеленген кесілген жартылай дайын өнімнің қалыңдығы қандай (суреттің төменгі жағындағы бөліктерді – штрихтелген төртбұрышты көрсетіңіз)?
- Сиыр етінен ұсақ кесектелген қандай жартылай дайын өнім жасайды?

«СИЫР ЕТІНЕН ЖАСАЛАТЫН ЖАРТЫЛАЙ ДАЙЫН ӨНІМДЕР» ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША СЫНАҚТЫҢ СҰРАҚТАРЫ МЕН ТАПСЫРМАЛАРЫ

1 Нұсқа

1. Қуыру үшін сиыр етінің қандай бөліктерін пайдаланады?
2. Ромштекстің антрекоттан айырмашылығы қандай?
3. Кесек еттен жасалатын жартылай дайын өнімдерді тізбектеңіз.
4. Сиыр етінен жасалатын ірі кесекті жартылай дайын өнімдерді тізбектеңіз.
5. Бефстроганов кесіндісінің пішіні қандай?

2 Нұсқа

1. Бұқтыру үшін сиыр етінің қандай бөліктерін пайдаланады?
2. Сиыр етінің қандай бөліктерін ірі кесектеп қуырады?
3. Азу бефстрогановтан қалай ерекшеленеді?
4. Қалың, жұқа жиектерден жасалатын жартылай дайын өнімдерді тізбектеңіз.
5. Гуляш кесіндісінің пішіні қандай?

3 Нұсқа

1. Жауырыннан кесілетін жартылай дайын өнімдерді тізбектеңіз.
2. Қуыратын етті қандай мақсатпен жаншылайды?
3. Котлет және туралған масса үшін сиыр етінің қандай бөліктерін пайдаланады?
4. Антрекот, ромштексті қандай бөліктерден кеседі?
5. Азу кесіндісінің пішіні қандай?

4 Нұсқа

1. Бифштексті сиыр етінің қандай бөліктерінен кеседі ?
2. Ромштексқа қандай аунатуды пайдаланады?
3. Ұсақ ксектеп қуыру үшін жартылай дайын өнімдерді тізбектеңіз.
4. Сиырдың алдыңғы ширегінің бөліктерін атаңыз.
5. Лангет сүбеден қалай ерекшеленеді?

5 Нұсқа

1. Қуыру үшін сиыр етінің қандай бөліктерін пайдаланады?
2. Текше, кесек, саламдалған түрде кесілген пішіні бар жартылай дайын өнімдерді тізбектеңіз.
3. Етті шпиктеу үшін қандай азық-түлікті пайдаланады?
4. Бифштекстің лангеттен қандай айырмашылығы бар?
5. Қуырмас бұрын кесілген порциялық жартылай дайын өнімдерді қандай мақсатпен жаншылайды?

«ТУРАЛҒАН ЖӘНЕ КОТЛЕТТІК МАССАДАН ЖАСАЛҒАН ЖАРТЫЛАЙ ДАЙЫН ӨНІМДЕР» ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША ҚАЙТАЛАУ ҮШІН СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1 Нұсқа

1. Котлеттік массаға еттің қандай бөліктерін пайдаланады?
2. Котлеттік массаның рецептурасын жазыңыз.
3. Котлеттік массада жасалған жартылай дайын өнімдер үшін қандай аунатудың түрлерін пайдаланады?
4. Котлет және домалатпалардың жартылай дайын өнімдерінің пішінін, көлемі, қалыңдығын көрсетіңіз.
6. Нанды аз мөлшерде қосып дайындайтын жартылай дайын өнімдерді тізбектеңіз.

2 Нұсқа

1. Нанды көп мөлшерде қосып дайындайтын жартылай дайын өнімдерді тізбектеңіз.
2. Котлеттік массаны дайындау барысында нанды не үшін қосады?
3. Зраздар, рулеттің пішінін, көлемін, аунатуын көрсетіңіз.
4. Котлеттік массада жасалған жартылай дайын өнімдер үшін жылыдай өңдеудің қандай тәсілдерін қолданады?
5. Котлеттік массаны дайындаудың жүйелілігін көрсетіңіз.

3 Нұсқа

1. Туралған массаны қалай дайындайды?
2. Туралған массада қандай жартылай дайын өнімдер жасалады?
3. Бифштекс, сүбе сияқты жартылай дайын өнімдер қалай сипатталады?
4. Туралған масса үшін сиыр етінің қандай бөліктерін пайдаланады?
5. Люля-кебаб жартылай дайын өнімі қалай жасалады?

4 ТАРАУ

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ҚҰСТЫ ЖӘНЕ ҚАНАТТЫ ЖАБАЙЫ ҚҰТЫ ӨНДЕУ

4 тараудың тесттері мен тапсырмалары ауылшаруашылық құсты және қанатты жабайы құсты өңдеу бойынша алған білімді бекітуге көмектеседі. 4 тараудағы тапсырмаларды орындап тесттердегі дұрыс жауаптарды таңдаңыз.

№ 1 ТАПСЫРМА

1. Сиыр етіне қарағанда құс еті неге жеңіл сіңеді?
2. Сорпа дайындау үшін неге ересек құсты пайдаланған жөн?
3. Сорпа дайындау үшін неге кәрі құсты пайдаланбау керек?
4. Сорпа дайындау үшін неге жас құсты пайдаланбау керек?
5. Қоғамдық тамақтану орындарына құс қандай күйде түседі?
6. Құс семіздігі және сапасы бойынша қалай бөлінеді?

№ 2 ТАПСЫРМА

1. Үйрек және қаз пісіргеннен алынған сорпаны қандай көжелерге пайдалануға болады?
2. Құстың ерекше дәмдік сапасын қандай заттар шарттайды ?
3. Неге жабайы құс етінің үй құсының етіне қарағанда өзіндік дәмі және иісі бар?
4. Неге жабайы құсты көбінесе қуыру үшін пайдаланады?
5. Қоғамдық тамақтану орындарына жабайы құс қандай күйде түседі?
6. Қоғамдық тамақтану орындарына түсетін жабайы қанатты құс қалай топтастырылады?

№ 3 ТАПСЫРМА

1. Құсты «қалташаға» қандай мақсатпен салып қояды?
2. Құсты және жабайы құсты салып қояудың қандай тәсілдері бар?
3. Құстың жон етінен қандай жартылай дайын өнімдер жасайды?
4. Тағамдар дайындау үшін құстың қандай қалдықтарын пайдаланады?
5. Құстың котлеттік массасынан қандай жартылай дайын өнімдер жасайды?
6. Ауылшаруашылық құсты механикалық аспаздық өңдеу қандай жүйелік операциялардан тұрады?

№ 4 ТАПСЫРМА

Ауылшаруашылық құсты механикалық аспаздық өңдеудің реттілігін анықтаңыз.

1. 8 - 15 °C температурада ауада жібітеді.
2. Басын шабады.
3. Үйітеді.
4. Ұн немесе кебек жағады.
5. Тілерсек буынынан 1-2 см төмен аяқтарын шабады.
6. Арқа жағынан мойын терісін тіледі.
7. Терісін түріп, соңғы мойын омыртқасы бойынша мойынды шабады.
8. Пайда болған тесік арқылы өңеш пен кеңірдегін алып тастайды.
9. Білек буыны бойынша қанаттарын шабады.
10. Тұтас етті жуады.
11. Анал тесігі арқылы төс сүйегінің басына дейін тілінген жерден ішек-қарыннан тазалайды (асқазан, бауыр, жүрек, бүйрек).
12. Тұтас етті салып қояды («қалташаға» немесе бір немесе екі жіпке).

№ 1 ТЕСТ

Жауаптың дұрыс нұсқасын таңдаңыз.

1. Құсты қалай жібітеді?
а) ауада; б) суда; в) біріктірілген тәсілмен.
2. Ауылшаруашылық құсты жылыдай өңдеу алдында салып қояды:
а) «қалташаға»; б) «қалтаға»; в) кішкене тұмсықпен.
3. Құсты салып қоюдың мақсаты қандай?
а) оған шағын пішін беру үшін; б) жылыдай өңдеудің процесін тездету үшін; в) порциялық кесектерге кескенде ыңғайлы.
4. Порциялық жартылай дайын өнімдерді дайындау үшін құстың қандай бөліктерін пайдаланады?
а) аяқтарын; б) қанаттарын; в) төсін.
5. Құстың сүбе етінен қандай жартылай дайын өнімдерді дайындайды?
а) «киев котлеттері»; б) «астаналық бойынша» шницель; в) «Пожарск» котлеттері.

Ескерту. 4 т. тест тапсырмалары жауаптарының үлгісі: 1, а; 3, в және т.б.

№ 2 ТЕСТ

Жауаптың дұрыс нұсқасын таңдаңыз.

1. Қоғамдық тамақтану кәсіпорындарына ауылшаруашылық құс қандай күйде түседі?
а) ішек-қарнынан аршылған; б) қауырсыны жұлынбаған; в) семіз.

2. Қуыру алдында кішкентай жабайы құстарды қандай тәсілмен салып қояды?
а) аяғын аяққа; б) «қалтаға»; в) «бір жіпке».
3. «Киев» котлетін неден жасайды?
а) тауық аяқтарынан; б) құстың сүбе етінен; в) котлеттік массадан.
4. «Астаналық бойынша» шницельді неде аунатады?
а) ақ аунатпада; б) саламдап туралған кепкен нан аунатпасында; в) қызыл аунатпада.
5. «Пожарск» котлеттеріне котлеттік массаны қалай бөледі?
а) 1 порцияға 1-2 данадан; б) 1 порцияға 2-3 данадан; в) 1 порцияға 3-4 данадан.

№ 3 ТЕСТ

Жауаптың дұрыс нұсқасын таңдаңыз.

1. Қоғамдық тамақтану кәсіпорындарына қандай ауыл шаруашылық құс түседі?
а) I және II санаттағы; б) майлы; в) майы жоқ.
2. «Киев» котлеттерін қалай аунатады ?
а) ұнда немесе кепкен нанда; б) 2- аунатпада; в) нанды саламдарда.
3. «Астаналық бойынша» шницельді қалай дайындайды?
а) котлеттік массадан; б) құстың сүбе етінен; в) тауық аяқтарынан.
4. «Пожарск» котлеттерін қалай дайындайды?
а) котлеттік массадан; б) құстың сүбе етінен; в) тауық аяқтарынан.
5. Тауық жон етінен жасалған котлеттерді қалай аунатады?
а) кепкен нанда; б) нанды саламдарда; в) ақ аунатпада.

«АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ҚҰСТЫ ЖӘНЕ ҚАНАТТЫ ЖАБАЙЫ ҚҰСТЫ ӨНДЕУ» ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША СЫНАҚТЫҢ СҰРАҚТАРЫ МЕН ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. Қоғамдық тамақтану кәсіпорындарына ауыл шаруашылық құс және қанатты жабайы құс қандай күйде түседі?
2. Ауыл шаруашылық құсты өндеудің сызбасын құрыңыз.
3. Құсты салып қоюдың қандай тәсілдері бар және құс пен жабайы құсты қандай мақсатта салып қояды?
4. Құстан қалай котлеттік масса жасауға болады және одан қандай жартылай дайын өнімдер жасауға болады?
5. «Киев» котлеттерінің жартылай дайын өнімдерін қалай дайындауға болады?
6. «Астаналық бойынша» шницельдің жартылай дайын өнімін қалай жасайды?
7. «Пожарск» котлеттерінің жартылай дайын өнімін қалай жасайды?
8. Құстан жасалған рагудың жартылай дайын өнімін қалай жасайды?
9. Құсты «қалташаға» қалай салып қояды?
10. Жабайы құсты «аяғын аяққа» және «муфтаға» қалай салады?

ЖЫЛЫДАЙ АСПАЗДЫҚ ӨНДЕУ

II

БӨЛІМ

5. Тарау Жылыдай аспаздық өңдеудің тәсілдері
6. Тарау Көжелер
7. Тарау Тұздықтар
8. Тарау Тағамдар және жарна, атбас бұршақ және макарон өнімдерінен жасалған гарнирлер
9. Тарау Тағамдар және картоп, көкөністер және саңырауқұлақтардан жасалған гарнирлер
10. Тарау Балықтан жасалған тағамдар
11. Тарау Ет және ет өнімдерінен жасалған тағамдар
12. Тарау Ауыл шаруашылық құс және қанатты жабайы құстардан жасалған тағамдар
13. Тарау Жұмыртқадан жасалған тағамдар
14. Тарау Ірімшіктен жасалған тағамдар
15. Тарау Салқын тағамдар
16. Тарау Тәтті тағамдар мен сусындар
17. Тарау Қамырдан жасалған өнімдер
18. Тарау Емдік тамақтанудың негіздері

5 Тарау

ЖЫЛЫДАЙ АСПАЗДЫҚ ӨНДЕУДІҢ ТӘСІЛДЕРІ

5 тар. Тапсырларын орындап, сұрақтарына жауап бере отырып сіз тағамдық азық-түлікті жылыдай аспаздық өндеудің тәсілдері бойынша біліміңізді бекітесіз.

№ 1 ТЕСТ

Жауаптың дұрыс нұсқасын таңдаңыз.

Жылыдай өндеудің қандай көрсеткіштері оң болып табылады?

- а) тамақтың сіңімділігі артады; б) азық-түліктің түсі өзгереді; в) азық-түлік салмағын өзгертеді (салмақ жоғалтады); г) дәмдік және хош иісті заттар пайда болады; д) азық-түлік жұмсарады; е) азық-түлік зарарсызданады, себебі микроағзалар өледі; ж) ақуыздардың табиғисыздануы болады.

№ 2 ТЕСТ

Жауаптың дұрыс нұсқасын таңдаңыз.

Жылыдай өндеудің қандай көрсеткіштері теріс болып табылады?

- а) тамақтың сіңімділігі артады; б) азық-түліктің түсі өзгереді; в) жаңа заттар пайда бола отырып, май қалқиды; г) дәмдік және хош иісті заттар пайда болады; д) азық-түлік жұмсарады; е) азық-түлік зарарсызданады, себебі микроағзалар өледі; ж) еритін ақуыздардың, минералды және хош иістендіргіш заттардың жоғалуы пайда.

Ескерту. II бөлімнің тесттері мен тапсырмалары жауаптарының үлгісі: 1, а; 2, б; 3, г және т.б.

№ 1 ТАПСЫРМА

Пісіру және қуырудың барлық тәсілдері үшін көрсеткіштерді көрсетіңіз.

Жылыдай өндеу тәсілі	Қысқаша сипаттама	Негізгі температура
Негізгі тәсілмен пісіру	Аз мөлшерлі сұйықтықта	
Бөктіру	Қақпағы жабылған аз мөлшерлі сұйықтықта ($\frac{1}{3}$ азық-түліктің салмағынан)	101... 102 °C
Буда пісіру	Қақпағы тығыз жабылған кезде	

Жылыдай өңдеу тәсілі	Қысқаша сипаттама	Негізгі температура
Сулы жылытқышта пісіру		
Негізгі тәсілмен қуыру	Пайдаланатын майдың массасы өнім массасынан 5...10 % құрайды	
Қыздырылған майда қуыру		
Қуыру шкафында қуыру		
Ашық отта қуыру		

№ 2 ТАПСЫРМА

Жылыдай өңдеудің барлық көмекші және біріктірілген тәсілдерінің көрсеткіштерін көрсетіңіз.

№ р/р	Жылыдай өңдеу тәсілі	Қысқаша сипаттама	Негізгі температура
1	Пассерлеу	Аз мөлшерлі майда өнімді қыздыру хош иістендіргіш және бояғыш заттарды сақтап қалуға мүмкіндік береді. Майға ауыса отырып заттар бұдан әрі жылыдай өңдеудеде сакталады	100.130 °C
2	Шарпылау		
3	Үйіту		
4	Бұқтыру		
5	Көмештеу		
6	Брезирлеу		

«АЗЫҚ-ТҮЛІКТІ ЖЫЛЫДАЙ ӨНДЕУ» ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША СЫНАҚТЫҢ СҰРАҚТАРЫ МЕН ТАПСЫРМАЛАРЫ»

1 Нұсқа

1. Жылыдай өңдеудің оң көрсеткіштерін тізбектеңіз.
2. Жылыдай өңдеудің қандай тәсілдері негізгі болып табылады?
3. Сіз пісірудің қандай тәсілдерін білесіз? Тәсілдердің қайсысы тиімді және неге?
4. Қандай жылы процесті шала қуыру деп атайды?

5. Пассерлеу үшін қандай өнімді және қандай мақсатпен пайдаланады?
6. Жылыдай өңдеу кезінде С дәруменінің өзгеруіне қандай фактор әсер етеді?
7. Ет, тауық және балықты пісірген кезде эсығып алынатын заттарға не болады?
8. Азық-түлікті жылыдай өңдеу кезінде протопектин қалай өзгереді?
9. Көжені бетіндегі май неге қызғылт сары түске боялады?
10. Жылыдай өңдеу кезінде ақуыздар қалай өзгереді?

2 Нұсқа

1. Жылыдай өңдеудің теріс көрсеткіштерін тізбектеңіз .
2. Жылыдай өңдеудің қандай көрсеткіштері көмекшілерге жатады?
3. Сіз қуырудың қандай тәсілдерін білесіз?
4. Қай жылыдай процессті шарпылау деп атайды?
5. Қандай азық-түлікті шарпылайды және қандай мақсатпен?
6. Қызылшаны пісірген кезде неге сірке суын қосады?
7. Жылыдай өңдеу процесінде көмірсуларға не болады?
8. Сорпа неге тәбетті ашады?
9. Жасыл көкөністердің түсі сақталатындай қалай пісіру керек?
10. Пісірген кезде жарналар мен макарон өнімдерінің салмағы неге өседі?

6 Тарау

КӨЖЕЛЕР

Көжелер туралы алған білімді бекіту үшін 6 тар. келесі тапсырмаларды орындап тесттердің сұрақтарына жауап беріңіз.

№ 1 ТАПСЫРМА

1. Көженің сұйық негізі болып не табылады?
2. Көжелерге гарнир ретінде нені пайдаланады?
3. Көжелердің сұйық негізінде қандай заттар бар?
4. Көжелердің құнарлығы неге байланысты?

№ 2 ТАПСЫРМА

1. Сорпалардың тағамдық құндылығын көрсетіңіз.
2. Сызбаны толықтырыңыз (көжелердің топтарын тізбектеңіз).



3. Сорпалардың түрлерін тізбектеңіз.

№ 3 ТАПСЫРМА

1. Сорпа деген не?
2. Сүйекті еттен сорпа жасаудың сызбасын құрыңыз.
3. «Асқатықты көжелер» деген термин нені білдіреді ?

№ 4 ТАПСЫРМА

1. Көжелерді дайындаудың жалпы ережелері (8 ереже) бойынша біліміңізді пайдалана отырып, картоп қосылған көже дайындаудың сызбасын құрыңыз.
2. Көжелерге азық-түлікті салу реттілігі неге байланысты?

№ 5 ТАПСЫРМА

Үлгі бойынша келесі кестені толтырыңыз.

Сорпалардың сапасына қойылатын талаптар				
Сорпа	Сыртқы түрі	Түсі	Дәмі мен иісі	Сақтау шарттары
1. Сүйекті				
2. Етті				
3. Құстан	Мөлдір	Сарылау реңк	Бөден дәм мен иісі жоқ жағымды, құс етінің иісі мен тамырсабақтар	$t = 0...4^{\circ}\text{C}$ кезде. Іске асыру мерзімі 24 сағ. Ішінде, одан көп емес
4. Балықтан				
5. саңырауқұлақ қайнатпасы				

«СОРПАЛАРДЫ ПІСІРУ» ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША ЖАЗБАША ЖҰМЫСЫНЫҢ СҰРАҚТАРЫ МЕН ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. Сорпа пісіру үшін қандай саңырауқұлақтарды пайдаланады?
2. Сорпа пісіру кезінде саңырауқұлақ пен судың арақатынасын атаңыз.
3. Сорпа пісіру үшін қандай сүйектерді пайдаланады?
4. Сорпа пісіру алдында қандай сүйектерді қуырып алу керек?
5. Сорпа пісіру үшін еттің қандай бөліктерін пайдаланады?
6. Ет-сүйекті сорпаны пісірудің ұзақтылығын атаңыз.
7. Сорпа пісіру үшін балықтың қандай түрлерін пайдаланады?
8. Қай құстан жақсы сорпа шығады?
9. Сорпа пісіру үшін қандай құсты пайдаланады?
10. Сорпаның сапасын қалай жақсартуға болады?
11. Сүйекті сорпаны дайындаудың технологиялық сызбасын құрыңыз.
12. Балықты сорпаны дайындаудың технологиялық сызбасын құрыңыз.
13. Құст сорпасын дайындаудың технологиялық сызбасын құрыңыз.
14. Саңырауқұлақ қайнатпасын дайындаудың технологиялық сызбасын құрыңыз.

№ 6 ТАПСЫРМА

1. Щилердің түрлерін тізбектеңіз.

2. Щидің сұйық негізі ретінде нені пайдаланады?
3. Щидің негізгі азық-түлігі болып не табылады?
4. Ашытқан қырыққабаттан щиді қалай дайындайды?
5. Ашытқан қырыққабат пен картоп қосылған щиге азық-түлік салудың реттілігін не анықтайды?

№ 7 ТАПСЫРМА

1. Сорпаны, қырыққабатты кесудің түрі мен щи дайындаудың ерекшеліктерін көрсетіңіз

Щи	Пайдаланылатын сорпа	Қырыққабат кесудің түрі	Щи дайындаудың ерекшеліктері
Жаңа піскен қырыққабаттан			
Ашытқан қырыққабаттан			
Тәуліктік			
«Орал бойынша»			

2. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- 1) Тәуліктік щилер үшін бұқтырылған қырыққабатты қалай дайындайды?
- 2) Жасыл щи құрамына қандай азық-түлік кіреді?

№ 8 ТАПСЫРМА

1. Щиге қосатын көкөністердің кесілу түрін көрсетіңіз.

Щи	Қырыққабат	Сәбіз	Акжелкен (тамыр)	Пияз
Жаңа піскен қырыққабаттан				
Ашытқан қырыққабаттан				
«Орал бойынша»				
Тәуліктік				

2. Жаңа піскен қырыққабаттан жасалатын щидің сызбасын құрыңыз.

№ 9 ТАПСЫРМА

1. Борщтарға қосылатын көкөністердің кесілу түрін көрсетіңіз.

Борщ	Қырыққабат	Картоп	Қызылша	Сәбіз, пияз	Тәтті бұрыш
«Украин»					
«Мәскеу»					
«Сібір»					
«Флот»					

2. «Украин» борщын дайындаудың сызбасын құрыңыз.

№ 10 ТАПСЫРМА

1. Борщқа қосылатын қызылшаны қалай дұрыс бұқтырады?
2. Борщ пісіру үшін қызылша дайындаудың қандай тәсілдерін білесіз?
3. Бұқтыру кезінде қызылшаның түсін қалай сақтауға болады?
4. «Мәскеу» борщын дайындаудың сызбасы құрыңыз.
5. Пісіру процесінде борщтың түсін жоғалту себебі неде? Бұны қалай түзетуге болады?

№ 11 ТАПСЫРМА

Қызылшаны кесудің түрін, пайдаланылатын сорпа және борщты дайындаудың ерекшеліктерін көрсетіңіз.

Борщ	Қызылшаны кесудің түрі	Пайдаланылатын сорпа	Борщты дайындаудың ерекшеліктері
«Украин»			
«Мәскеу»			
«Сібір»			
«Флот»			

№ 1 ТЕСТ

Жауаптың дұрыс нұсқасын тандаңыз.

1. Қай борщқа сарымсақ, ұсақталған май қосады?
а) «Мәскеу»; б) «Украин»; в) «Флот».
2. Аталған борщтардың қайсысы кесу түрімен ерекшеленеді?
а) «Сібір»; б) «Мәскеу»; в) «Флот».
3. Қышқыл сорпа құрамына жарна кіре ме?
а) «Үй»; б) «Ленинград»; в) «Мәскеу».
4. Құрамына картоп кірмейтін борщты атаңыз.
а) «Украин»; б) «Мәскеу»; в) «Флот».

№ 2 ТЕСТ

Жауаптың дұрыс нұсқасын таңдаңыз.

1. Қай борщты саңырауқұлақ қайнатпасында пісіреді?
а) кара өрікпен; б) «Флот»; в) «Мәскеу».
2. Қай қышқыл сорпаны картопсыз дайындайды?
а) «Ленинград»; б) «Мәскеу»; в) «Үй».
3. Құрамына саумалдық пен қымыздық кіретін қышқыл сорпаны атаңыз.
а) «Ленинград»; б) «Үй»; в) «Мәскеу».
4. Қай щиге көкөністерді ұсақ текшелеп кеседі (турайды)?
а) тәуліктік; б) «Орал бойынша»; в) жаңа піскен қырыққабаттан.
5. Қай борщ ет жинағымен беріледі?
а) «Сібір»; б) «Мәскеу»; в) «Флот».

№ 3 ТЕСТ

Дайындау ерекшелігіне сәйкес борщ атауын көрсетіңіз.

1. «Мәскеу». 2. «Украин». 3. «Флот». 4. «Сібір»:
а) бадананы жеке пісіреді, борщты ет түйірлерімен береді; көкөністерді кесудің түрлері келесідегідей: картоп — текшелеп, қырыққабат — қылыштап, басқа көкөністерді — тілімдеп;
б) сорпада сүрленгендерді пісіреді, көкөністерді кесудің түрлері келесідегідей: картоп — текшелеп, қырыққабат — қылыштап, басқа көкөністерді — тілімдеп;
в) көкөністерді кесудің түрлері келесідегідей: картоп — кесектеп, қырыққабат және басқа көкөністер — саламдап; борщқа сарымсақ пен май салады;
г) картопсыз дайындайды; ет жинағымен беріледі (кемінде үш түрлі); сорпада ветчина сүйектерін пісіреді; жеуге бергенде ірімшігі бар ватрушканы қосып береді.

№ 4 ТЕСТ

Дайындау ерекшелігіне немесе берілуіне сәйкес щи атауын көрсетіңіз

1. Тәуліктік щи. 2 «Орал бойынша». 3. «Жасыл». 4. Жаңа піскен қырыққабаттан жасалған.
а) арпа жармасын немесе күріш қосып дайындайды;
б) бүтіндей пісірілген жұмыртқаның жартысын қосып береді;
в) ашытқан қырыққабатты турап, ветчина сүйегімен бұқтырады;
г) көкөністер мен қырыққабатты майда саламдап турайды;
д) барлық көкөністерді дөңгелетіп, ал қырыққабатты қылыштап турайды.

№ 12 ТАПСЫРМА

1. Қышқылтым көжелердің түрлерін тізбектеңіз.
2. Қышқылтым көжелердің сұйық негізі болып не табылады?
3. Қышқылтым көжелердің құрамына кіретін азық-түліктерді тізбектеңіз.
4. Қай қышқылтым көжені бергенде қаймақ салынбайды?

№ 13 ТАПСЫРМА

1. Көкөністердің кесілу түрін, пайдаланылатын сорпа және қышқылтым көжені дайындаудың ерекшеліктерін көрсетіңіз.

№ р/р	Қышқылтым көже	Көкөністердің кесілу түрі	Пайдаланылатын н сорпа	Дайындау ерекшеліктерін
1	«Ленинград»	Картоп — _____ Тұздалған қияр — _____ Сәбіз, пияз — _____		
2	«Үй»	Картоп — _____ Тұздалған қияр — _____ Қырыққабат — _____		
3	«Мәскеу»	Сәбіз, пияз — _____ Ақ тамырсабақтар — _____ Тұздалған қияр — _____		

2. Сұрақтарға жауап беріңіз.
 - 1) Қышқылтым көжеге тұздалған қиярды қалай дайындайды?
 - 2) Қышқылтым көжеге азық-түлік салудың реттілігі қандай және ол неге байланысты?
 - 3) Сәбіз бен пиязды пассерлеудің мақсаты неде?

№ 5 ТЕСТ

Дайындау ерекшелігіне сәйкес қышқылтым көже атауын көрсетіңі.

1. «Үй». 2. «Ленинград». 3. «Мәскеу». 4. Қышқылтым көже.
 - а) картопсыз, тауық сорпасында, өкпе-бауыр, бүйрекпен, лъезон қосады;
 - б) қырыққабат қосылған, жеуге бергенде қаймақ қосып, ұсақтап туралған көкөністер себеді;
 - в) арпа жармасымен (күрішпен);
 - г) картоп қосылған, қымыздық, саумалдық қосуға болады.

«ЩИ, БОРЩТАР, ҚЫШҚЫЛТЫМ КӨЖЕЛЕР» АҚЫРЫБЫ БОЙЫНША СЫНАҚТЫҢ СҰРАҚТАРЫ МЕН ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. «Асқатықты көже» түснiктемесiне анықтама берiңiз.
2. Асқатықты көже түрлерiн тiзбектеңiз.
3. Көжелердiң қандай топтарын бiлесiз?
4. Борщтың қандай түрлерiн бiлесiз?
5. «Мәскеу» және «Украин» борщтарының айырмашылық ерекшелiктерiн тiзбектеңiз.
6. Щидiң қандай түрлерiн бiлесiз?
7. Щидiң сұйық негiзi болып не табылады?
8. Щи құрамына қандай азық-түлiктер кiредi?
9. «Тәулiктiк» және «Орал бойынша» щилердiң айырмашылық ерекшелiктерiн тiзбектеңiз.
10. Жасыл щилердiң айырмашылық ерекшелiктерiн тiзбектеңiз.
11. Қышқылтым көжелердiң түрлерiн тiзбектеңiз.
12. «Үй» қышқылтым көжесiнiң «Ленинград» қышқылтым көжесiнен айырмашылығы қандай ?
13. «Флот» борщы «Мәскеу» борщынан айырмашылығы қандай?
14. «Сiбiр» борщын дайындаудың айырмашылық ерекшелiгiн келтiрiңiз?
15. Ашық бояуын жоғалтқан борщтың түсiн қалай түзетуге болады?
16. Егер ашытқан қырыққабаттан жасалған щи өте қышқыл болса, оның дәмi талаптарға сәйкес болу үшiн не iстеу керек?
17. Егер қышқылтым көженiң дәмi жеткiлiксiз болса, онда талаптарға сәйкес болу үшiн не iстеу керек?
18. Қышқылтым көжеге арпа жармасын қалай дайындайды?
19. «Украин» борщына азық-түлiктi салудың реттiлiгi қандай ?
20. Қышқылтым көжеге азық-түлiктi салудың реттiлiгiн не анықтайды?
21. Щиге ашытқан қырыққабатты қалай бұқтырады?
22. Борщтарға қызылшаны қалай бұқтырады?
23. Жаңа піскен қырыққабаттан жасалған щиге көкөнiстердi қалай турайды?

«ЩИ, БОРЩТАР, ҚЫШҚЫЛТЫМ КӨЖЕЛЕР» ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫНЫҢ СҰРАҚТАРЫ МЕН ТАПСЫРМАЛАРЫ

1 Нұсқа

1. «Орал бойынша» щи дайындаудың сызбасын құрыңыз.
2. «Украин» борщын дайындаудың сызбасын құрыңыз.
3. Қышқылтым көже дайындаудың сызбасын құрыңыз.
4. Бояуын жоғалтқан борщтың түсiн қалай түзетуге болады?

2 Нұсқа

1. Қымыздық қосылған щи дайындаудың сызбасын құрыңыз.
2. «Мәскеу» борщын дайындаудың сызбасын құрыңыз.
3. «Үй» қышқылтым көжесiн дайындаудың сызбасын құрыңыз.
4. Егер ашытқан қырыққабаттан жасалған щи өте қышқыл болса, оның дәмi талаптарға

сәйкес болу үшін не істеу керек?

3 Нұсқа

1. Жаңа піскен қырыққабат қосылған щи дайындаудың сызбасын құрыңыз.
2. «Сібір» борщын дайындаудың сызбасын құрыңыз.
3. «Ленинград» қышқылтым көжесін дайындаудың сызбасын құрыңыз.
4. Егер қышқылтым көженің дәмі жеткіліксіз болса, онда талаптарға сәйкес болу үшін не істеу керек?

Үй тапсырмасы. «Аспаздықгеография». Қала, ауыл, өлке және облыстардың атауымен байланысқан көжелердің атауын жалғастырыңыз.

Щи	Борщ	Қышқылтым көже
«Орал бойынша»	«Мәскеу»	«Ленинград»

№ 14 ТАПСЫРМА

Сұрақтарға жауап беріңіз және тапсырмаларды орындаңыз.

1. Көкөністі көжелердің түрлерін тізбектеңіз.
2. Жарма мен картоп қосылған көжені пісіру үшін арпа жармасын қалай дайындау керек?
3. Атбас бұршақ пен картоп қосылған көжені пісіру үшін бадана, асбұршақ, жасымықты қалай дайындайды?
4. Макарон мен картоп қосылған көжені дайындаудың сызбасын құрыңыз.

№ 15 ТАПСЫРМА

1. Үлгі бойынша көжелерге көкөністерді кесудің түрлерін көрсетіңіз.

Көже	Кесу түрлері			
	картоп	сәбіз, ақжелкен тамыры	пияз	Жаңа піскен қырыққабатты
«Шаруашылық»				
Көкөністерден жасалған				
Картоп қосылған				
Атбас бұршақтар мен картоп қосылған				
Жіңішке кеспе мен картоп қосылған	Кесектеп, кесік 0,7 х 1 см, ұзындығы 3...4 см	ұзындығы 4.5 см, қалыңдығы 0,2 см кесектер	ұзындығы 4.5 см, қалыңдығы 0,2 см саламдап	

2. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- 1) Көжелерді дайындау барысында сәбіз бен пиязды пассерлеудің мақсаты қандай?
- 2) Көжелерді бергенде акжелкен немесе аскөкті (1 порцияға 3 гр) не үшін себеді?

№ 16 ТАПСЫРМА

1. Кеспеге қамырды қалай дайындайды?
2. «Үй кеспесі» көжесін дайындау үшін қандай сұйық негізді пайдалануға болады?
3. «Үй кеспесі» көжесін дайындаудың технологиялық сызбасын құрыңыз.
4. Келесі көрсеткіштер бойынша тағамға сапалы сипаттама беріңіз: сыртқы түрі; түсі; дәмі; иісі; кеспе мен көкөністердің консистенциясы.
5. «Үй кеспесі» тағамын берудің нормасы қандай және бергенде оның температурасы қандай?

№ 17 ТАПСЫРМА

1. Үй кеспесін қалай дайындауға болады?
2. Сорпасы мөлдір болу үшін көже пісіргенде не істеу керек?
3. Көжелерді ұзақ сақтаған кезде дәмі мен сыртқы түрі бұзылмай, дәрумендік белсенділігі төмендемей, қайнап суалып, күймеуі үшін қалай дұрыс сақтау керек?
4. Ыстық және салқын тағамдарды берудің температурасы қандай болуы керек?
5. Көженің тұзы көп болса сіз не істейсіз?

№ 18 ТАПСЫРМА

1. Харчо көжесін дайындаған кезде операциялардың реттілігін кестенің оң бағанасында цифрмен көрсетіңіз.

Операция	Операциялардың реттілігі
2 530 г қойдың төс етін текше түрінде кесектерге турайды	
Қайнауға тез жеткізеді	
Суық су құяды	
Көбігін алып, ет дайын болғанша ақырын отта пісіреді	
Басты пиязды ұнтақтап турап, пассерлейді	
Томатное пюре пассеруют	
Сорпаны сүзеді	
Қабықты ашты бұрышты ұсақтап турайды	
Сүзілген сорпаға еттің кесектерін, жуылған күрішті, басты пиязды салып, пісіреді	

Операция	Операциялардың реттілігі
Тұз, талқандалған сарымсақ қосып дайын болғанша пісіреді	
Пісіру аяғында пассерленген томат езбесі мен бұрыш, тұз, ткемали тұздығын, хмел-сунельдер қосады	
75°C температура кезінде беріп, ақжелкен мен күнзе себеді	
Көжені 10... 15 мин бойы тұндырады	

2. Харчо көжесінің келесі көрсеткіштерін сипаттаңыз: сыртқы түрі; түсі; дәмі; иісі; консистенциясы.

№ 19 ТАПСЫРМА

1. Қартоптан жасалған көже-езбе дайындаған кезде операциялардың реттілігін кестенің оң бағанасында цифрмен көрсетіңіз.

Операция	Операциялардың реттілігі
Сорпаны қайнатады	
Картопты жуып, көздер мен қара дақтардан тазалайды	
Сәбіз бен пиязды жуып 110.120 °C температурада 10.15 мин ішінде пассерлейді	
Негізгі ақ тұздықты дайындап, қажалған көкөністермен қосып қайнатады	
Қайнап жатқан сорпаға картоп салып, жартылай дайын болғанша пісіреді	
Дайын картоп пен көкөністерді қажап, сорпамен араластырады	
Дайын көжені 70 °C температураға дейін салқындатып, льезон немесе ыстық су және сары май қосады	
Льезон дайындайды(шикі жұмысқаның сарысын сүтпен қоюланғанша дейін сулы жылытқышта қайнатады)	
Көже-езбені берген кезде тәрелкеге гарнир (порцияға 15 г), порей пиязын салуға болады	
Жеке бәлішхана тәрелкесінде ұсақ текшелеп кесілген бидайдан жасалған қуырылған нанды береді	

2. Қартоптан жасалған көже-езбенің келесі көрсеткіштерін сипаттаңыз: сыртқы түрі; түсі; дәмі; иісі; консистенциясы.

№ 20 ТАПСЫРМА

1. Сүт көжелердің түрлерін тізбектеңіз.
2. Неге көкөністерді, макарондарды және күрішті (сүт көжеге) алдымен жартылай дайын болғанша пісіреді, содан кейін сутте пісіреді?
3. Көкөніс қосылған сүт көже құрамына кіретін азық-түліктерді тізбектеңіз.

№ 21 ТАПСЫРМА

1. Көже-езбенің негізі не?
2. Көже-езбенің құрамына кіретін азық-түлікті тізбектеңіз.
3. Көже-езбелерді дайындаудың сызбасы операциялардың қандай реттілігінен тұрады?

№ 22 ТАПСЫРМА

1. Тәтті көжелердің сұйық негізі не?
2. Сұйық негізі қоюландырғыс ретінде нені пайдаланады?
3. Тәтті көжелерді берген кезде гарнир ретінде нені пайдаланады?
4. Тәтті көжелерді қандай температурада береді?

№ 23 ТАПСЫРМА

1. Алмадан жасалған тәтті көжені дайындаудың технологиялық сызбасын жазып аяқтаңыз



2. Сұрақтарға жауап беріңіз.
 - 1) Егер көже жеткілікті қышқыл болмаса, онда не қосуға болады : сірке суын немесе лимон қышқылын?
 - 2) Тәтті көже дайындау үшін картоп крахмалын неге қосады?
 - 3) Тәтті көжелерге не қосылады?

№ 24 ТАПСЫРМА

1. Азық-түлік жинағы бойынша суық көжелердің атауын анықтаңыз және оны дайындаудың (нұсқалары бойынша) сызбасын құрыңыз.

1 нұсқа	Масса нетто, г	2 Нұсқа	Масса нетто, г
Квас	300 мл	Қызылша	125
Жасыл пияз	38	Жасыл пияз	31
Жаңа піскен қияр	81	Жаңа піскен қияр	63
Картоп	100	Қаймақ	40
Сәбіз	25	Піскен жұмыртқа	20
Піскен жұмыртқа	32	Тұз	5
Қаймақ	30	3% сірке суы	8
Піскен жұмыртқа	20	Аскөк	5
Қант	5		
Қыша	2		
Тұз	5		
Аскөк	5		

2. Суық көжелерді беру температурасы және сақтау мерзімі қандай?

№ 25 ТАПСЫРМА

1. Азық-түлік рецептурасына кіретін суық көжелердің атауларын анықтаңыз.

1 рецептура	2 рецептура	3 рецептура	4 рецептура
Квас — 300 мл	Квас — 300 мл	—	—
Жасыл пияз — 38 г	Жасыл пияз — 30 г	Жасыл пияз — 30 г	Жасыл пияз — 50 г
Жаңа піскен қияр — 75 г	Жаңа піскен қияр — 63 г	Жаңа піскен қияр — 63 г	Жаңа піскен қияр — 63 г
Қаймақ — 20 г	Қаймақ — 40 г	Қаймақ — 40 г	Қаймақ — 40 г
Піскен жұмыртқа— V ₂ д.	Піскен жұмыртқа — V ₂ д.	Піскен жұмыртқа — V ₂ д.	Піскен жұмыртқа — V ₂ шт.
Қант — 5 г	Қант — 5 г	Қант — 5 г	Қант— 5 г
Қыша — 2 г	—	сәбіз — 24 г	—

1 рецептура	Рецептура	3 рецептура	4 рецептура
Тұз — 1 — 5 г	Тұз — 5 г	Тұз — 5 г	Аскөк — 18 г
Аскөк — 5 г	Аскөк — 5 г	Аскөк — 5 г	Қымыздық — 100 г
Піскен сиыр еті — 40 г	Қызылша — 100 г	Қызылша — 125 г	Саумалдық — 100 г
—	3% сірке суы — 8 мл	3% сірке суы — 8 мл	—

2. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- 1) Суық көжелерді дайындау барысында қандай санитарлық талаптар қойылады?
- 2) 4 рецептура бойынша суық көже дайындаудың сызбасын құрыңыз.

№ 6 ТЕСТ

Асқатықты көженің түріне көкністерді кесу түрлерінің сәйкестігін анықтаңыз.

1. Көкөністерден жасалған көже. 2. Жарма қосылған. 3. «Шаруашылық». 4. Макарон қосылған

- а) картоп — кесектеп, сәбіз, пияз — саламдап;
- б) картоп — орташа текше, сәбіз, пияз — ұсақ текшелеп;
- в) қырыққабат — қылыштап, сәбіз, пияз және картоп — бөліктеп;
- г) қырыққабат — қылыштап, картоп — ірі текшелеп, сәбіз — дөңгелектеп.

№ 7 ТЕСТ

Асқатықты көженің түріне көкністерді кесу түрлерінің сәйкестігін анықтаңыз.

1. «Украин» борщы. 2. «Үй» қышқылтым көжесі. 3. Жаңа піскен қырыққабаттан жасалған щи.

4. «Орал бойынша» щи. 5. «Мәскеу» борщы.

- а) қырыққабатты турап, бұқтырады, тамырсабақтар мен пиязды ұсақ текшелеп турайды;
- б) қырыққабат — саламдап, тамырсабақтар мен пиязды — саламдап, тұздалған қиярды — саламдап;
- в) картопты — кесектеп, қырыққабат, сәбіз, пияз, қызылша — саламдап;
- г) қырыққабат, сәбіз, басты пияз, қызылша — саламдап;

- д) қырыққабат — қылыштап, тамырсабақтар мен басты пиязды — бөліктеп.

№ 8 ТЕСТ

Жауаптың дұрыс нұсқасын таңдаңыз.

1. Суық борщтың сұйық негізі қандай?
а) квас; б) сорпа; в) қызылша қайнатпасы.
2. Жұмыртқа қосылған жасыл щидің сұйық негізі қандай?
а) квас; б) көкөністік қайнатпа; в) қызылша қайнатпасы.
3. Суық көжелерде көкөністердің қандай кесілу түрлері пайдаланылады?
а) саламдап; б) ұсақ текшелер; в) тілімдер.
4. Суық көжелерді қандай температурада береді?
а) 8... 10 °C; б) 14...15°C; в) 15...20°C.
5. Суық борщ және қызылша сорпасы үшін қызылшаға оны бөктірген кезде не қосады?
а) қызанақ; б) 3% сірке суы; в) қант.

ТЕСТ № 9

Жауаптың дұрыс нұсқасын таңдаңыз.

1. Біртекті нәзік консистенциялы көже-езбе дайындау үшін азық-түлікті не істейді?
а) қажайды; б) былбырата пісіреді; в) ұсақтап кесіп бөктіреді.
2. Көкөністер қосылған көже-езбені дайындаған кезде неліктен ақ тұздық қосады?
а) тағамдық құндылығын арттыру үшін; б) Біртекті консистенция үшін; в) дәмін жақсарту үшін.
3. Дәмін жақсарту және тағамдық құндылығын арттыру үшін көже-езбені (қайнағанша дейін) бермес бұрын не қосады?
а) ақ тұздық; б) лезон, сары май; в) кілегей және сары май.
4. Көже-езбені қандай температурада береді?
а) 65 °C; б) 75 °C; в) 80 °C.
5. Көже-езбені берген кезде тәрелкеге аз мөлшерде негізгі қайнатпа немесе қосымша тамақ салуға бола ма?
а) иә; б) жоқ.

«КӨЖЕЛЕР» ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША ҚАЙТАЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Тамактануда көжелердің маңыздылығы қандай?
2. Дайындау тәсілі бойынша көжелерді қандай топтарға бөледі?
3. Сұйық негізіне байланысты көжелерді қандай топтарға бөледі?
4. Ет-сүйекті сорпаларды қалай дайындайды және пайдаланады?
5. Қандай көжелерді асқатықты деп атайды? Олардың өзіндік ерекшеліктері қандай?
6. Қандай көжелерге ұнды пассерлерді қосады және қандай мақсатта?
7. «Мәскеу» борщының ерекшеліктері қандай?

8. «Украин» борщын қалай дайындайды және береді?
9. Жаңа піскен қырыққабаттан жасалған щиді қалай дайындайды және береді?
10. Ашытқан қырыққабаттан жасалған щиді қалай дайындайды және береді?
11. Тәуліктік щилердің ерекшеліктері қандай?
12. «Ленинград» қышқылтым көжесін қалай дайындайды және береді?
13. Қой етінен харчо көжесін қалай дайындайды?
14. Шошқа етінен асбұршақ қосылған көжені қалай дайындайды?
15. Еттен жасалған көксерпаны қалай дайындайды және береді ?
16. Суық борштты қалай дайындайды және береді?

7 ТАРАУ

ТҰЗДЫҚТАР

Тұздықтар туралы алған білімді бекіту үшін 7 тар. Келесі тапсырмаларын орындап, сұрақтарына жауап беріңіз.

№ 1 ТАПСЫРМА

1. Шала қуырылған ұнның түрлерін тізбектеңіз.
2. Ұнды шала қуырудың мақсатын көрсетіңіз.
3. Сұйық негізіне байланысты беру температурасы, түсі бойынша консистенциясы бойынша тұздықтар топтамасын атаңыз.

№ 2 ТАПСЫРМА

Шала қуырылған ұнды оның дайындалу технологиясына сәйкестігін көрсетіңіз.

№ р/р	Пассеровка	Дайындау технология
1	Фасты шала қуыру	а) Ұнды шала қуырады, сары майдың кесектерімен майлы түйір біртекті консистенция болғанша араластырады; шала қуырылғанды порциялық аз мөлшерде дайындайды;
2	Ақ шала қуыру	б) ұнды шала қуыру үшін қаңылтыр табаға қабаты 3-5 см себеді, 150 °С температурада үздіксіз араластыра отырып қыздырады;
3	Суық шала қуыру	в) ұнды еріген майға салып, үздіксіз араластырып 120 °С температурада ақсары түске айналғанша дейін қыздырады

№ 3 ТАПСЫРМА

1. Негізгі қызыл тұздықты дайындаудағы жіберілген технологиялық операцияларды жазыңыз:
 - а) Қоңыр сорпаны дайындау;
 - б) Қызыл ұнды шала қуырып дайындау;
 - в) _____ ;
 - г) Дайындалған компоненттерді қосу;
